

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 Қаулысы
(2018.26.10. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)**

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» 2004 жылғы 29 қыркүйектегі № 1449 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ереже;

2) ҚР Үкіметінің 2007.02.03. № 164 Қаулысымен алып тасталды (*бұр. ред. қара*)

3) ҚР Үкіметінің 2013.13.03. № 237 Қаулысымен алып тасталды (*бұр. ред. қара*)

4) ҚР Үкіметінің 2007.28.10. № 995 Қаулысымен алып тасталды (*бұр. ред. қара*)

5) ҚР Үкіметінің 2013.13.03. № 237 Қаулысымен алып тасталды (*бұр. ред. қара*)

6) ҚР Үкіметінің 2013.13.03. № 237 Қаулысымен алып тасталды (*бұр. ред. қара*)

7) ҚР Үкіметінің 2007.28.10. № 995 Қаулысымен алып тасталды (*бұр. ред. қара*)

8) ҚР Үкіметінің 2013.13.03. № 237 Қаулысымен алып тасталды (*бұр. ред. қара*)

9) ҚР Үкіметінің 2013.13.03. № 237 Қаулысымен алып тасталды (*бұр. ред. қара*)

10) ҚР Үкіметінің 2007.28.10. № 995 Қаулысымен алып тасталды (*бұр. ред. қара*)

11) ҚР Үкіметінің 2013.13.03. № 237 Қаулысымен алып тасталды (*бұр. ред. қара*)

12) ҚР Үкіметінің 2013.13.03. № 237 Қаулысымен алып тасталды (*бұр. ред. қара*)

13) ҚР Үкіметінің 2007.28.10. № 995 Қаулысымен алып тасталды (*бұр. ред. қара*)

2. ҚР Үкіметінің 2007.28.10. № 995 Қаулысымен алып тасталды (*бұр. ред. қара*)

3. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Д. Ахметов

ҚР Үкіметінің 2007.28.10. № 995 Қаулысымен (бұр.ред.қара); 2013.13.03. № 237 Қаулысымен (бұр. ред. қара) ереже жаңа редакцияда

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 6 сәуірдегі
№ 310 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы
ереже**

1. Жалпы ережелер

ҚР Үкіметінің 2013.20.12. № 1383 Қаулысымен (бұр.ред.қара); 2016.18.05. № 295 Қаулысымен (бұр.ред.қара) 1-тармақ жаңа редакцияда

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі - агроөнеркәсіптік кешен, су, балық, орман және аңшылық шаруашылығы, жер ресурстары, геодезия және картография саласында басшылық жасауды, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде өзінің құзыретіне жатқызылған қызмет саласында (бұдан әрі - реттелетін сала)

мемлекеттік органдарды салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

ҚР Үкіметінің 2014.22.09. № 1002 Қаулысымен (бұр.ред.қара); 2016.18.05. № 295 Қаулысымен (бұр.ред.қара) 2-тармақ өзгертілді

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің мынадай ведомстволары бар:

1) «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті» мемлекеттік мекемесі;

2) «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті» мемлекеттік мекемесі;

3) «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті» мемлекеттік мекемесі;

4) «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті» мемлекеттік мекемесі;

5) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті» мемлекеттік мекемесі.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртанбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің құрылымы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің орналасқан жері: 010000, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Кенесары көшесі, 36.

10. Мемлекеттік органның толық атауы - «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі» мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне кәсіпкерлік субъектілерімен Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

ҚР Үкіметінің 2014.22.09. № 1002 Қаулысымен (бұр.ред.қара); 2016.18.05. № 295 Қаулысымен (бұр.ред.қара) 14-тармақ жаңа редакцияда

14. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің миссиясы - мемлекеттік саясатты тиімді қалыптастыру, үйлестіру және іске асыру жолымен агроөнеркәсіптік кешеннің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, су, балық, орман және аңшылық шаруашылығының, жер ресурстарының, геодезия және картографияның орнықты дамуы үшін жағдай жасау.

ҚР Үкіметінің 2014.22.09. № 1002 Қаулысымен 15-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара); ҚР Үкіметінің 2016.18.05. № 295 Қаулысымен 15-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

15. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) мемлекеттің аграрлық саясатын, реттелетін салалардағы стратегиялық жоспарларды, мемлекеттік және өзге де бағдарламалар мен жобаларды қалыптастыру;

2) бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы тауарының өндірісін құрудың негіздерін қалыптастыру, Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігін және жұмылдыру дайындығын қамтамасыз ету;

3) агроөнеркәсіптік кешенді ақпараттық-консультативтік қамтамасыз ету;

4) реттелетін салаларда салааралық үйлестіруді және мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру;

5) өз құзыреті шегінде өзге мемлекеттік органдардың қызметіне әдістемелік басшылықты жүзеге асыру;

6) биологиялық әртүрлілікті сақтау;

7) су ресурстарын, ормандарды, жануарлар дүниесін және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқару саласында мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелері бойынша басшылық жасау және салааралық үйлестіру;

8) су ресурстарын, ормандарды, жануарлар дүниесін және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды мемлекеттік басқару саласындағы заңнаманы жетілдіру;

9) су ресурстарын, ормандарды, жануарлар дүниесін және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқару саласындағы мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру;

10) су ресурстарын, ормандарды, жануарлар дүниесін және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқару саласында халықаралық ынтымақтасты дамыту;

11) су ресурстарын, ормандарды, жануарлар дүниесін және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқару саласында мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету;

11-1) жер ресурстарын ұтымды және тиімді басқаруды қамтамасыз ету саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру;

11-2) геодезия және картография саласын дамыту саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру.

12) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

ҚР Үкіметінің 2013.20.12. № 1383 Қаулысымен (бұр.ред.қара); 2014.05.08. № 901 Қаулысымен (бұр.ред.қара); 2014.22.09. № 1002 Қаулысымен (бұр.ред.қара) 16-тармақ өзгертілді; ҚР Үкіметінің 2015.25.04. № 306 Қаулысымен 16-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара); ҚР Үкіметінің 2015.25.11. № 949 Қаулысымен (бұр.ред.қара); 2015.24.12. № 1046 Қаулысымен (бұр.ред.қара); 2015.31.12. № 1168 Қаулысымен (бұр.ред.қара); 2015.31.12. № 1184 Қаулысымен (2016 ж. 2 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді)

(бұр.ред.қара); 2016.18.05. № 295 Қаулысымен (бұр.ред.қара); 2016.02.11. № 652 Қаулысымен (бұр.ред.қара); 2017.14.02. № 65 Қаулысымен (бұр.ред.қара); 2017.03.08. № 466 Қаулысымен (бұр.ред.қара); 2017.29.12. № 934 Қаулысымен (бұр.ред.қара); 2018.17.07. № 437 Қаулысымен (бұр.ред.қара); 2018.26.10. № 689 Қаулысымен (бұр.ред.қара) 16-тармақ өзгертілді

16. Орталық аппараттың функциялары.

Орталық аппарат:

- 1) мынадай салаларда мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді: астықты өндіруді және оларды жүзеге асыруды ұйымдастыруды мемлекеттік қолдау; өсімдіктерді қорғау; биоотын өндірісін және оның айналымын мемлекеттік реттеу және қолдау;
- 2) мынадай салаларда халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады: өсімдіктер карантині; бал ара шаруашылығы; орман қатынастары; жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту, пайдалану; ерекше қорғалатын табиғи аумақтар; халықаралық шарттарды іске асыруды қоса алғанда, су ресурстарын басқару;
- 3) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын қалыптастырады және іске асырады;
 - 3-1) жайылымдарды басқару және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;
 - 4) реттелетін салаларда жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асырады;
 - 4-1) ауылдық жерлерде және шағын қалаларда: кредит беру және микрокредит беру; микроқаржы ұйымдары және кредиттік серіктестіктер беретін микрокредиттер бойынша кепілдік беру; микроқаржы ұйымдарының операциялық шығындарын субсидиялау, сондай-ақ микрокредит беру жүйесінің дамуын мониторингтеу жолымен жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қаржылық қолдауды ұйымдастыруды жүзеге асырады;
 - 5) техникалық реттеу саласындағы өз құзыреті шегінде техникалық регламенттерді, оның ішінде Кеден одағының техникалық регламенттерін іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеуді және орындауды жүзеге асырады;
 - 6) Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы бейініндегі ғылыми-зерттеу ұйымдарымен бірлесе отырып, асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында мемлекеттік ғылыми-техникалық бағдарламалар әзірлеуді жүзеге асырады;
 - 7) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы халықаралық қатынастарда Қазақстан Республикасының атынан өкілдік етеді;
 - 8) Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы бейініндегі ғылыми-зерттеу ұйымдарымен бірлесе отырып, асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында ақпараттық қамтамасыз ету жүйелерін әзірлеуді жүзеге асырады;
 - 9) Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы, асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторлар туралы ережені әзірлейді және бекітеді;
 - 10) отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін асыл тұқым өнімнің (материалдың) қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында басым тәртіппен субсидиялауға жататын жануарлар тұқымдарының тізбесін әзірлейді және бекітеді;
 - 11) асыл тұқымды өнімнің (материалдың) әрбір түріне субсидиялар нормативтерін әзірлейді және бекітеді;
 - 12) асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау тәртібін әзірлейді және бекітеді;

- 13) техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша өзінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша техникалық регламенттерді бекітеді, жояды, тоқтата тұрады, сондай-ақ техникалық регламенттерге өзгерістер енгізеді;
- 14) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында нормативтік құқықтық актілер қабылдайды;
- 15) малдардың асыл тұқымдық құндылығын бонитирлеу (бағалау) және өсімін молайту жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлейді және бекітеді;
- 16) ҚР Үкіметінің 2015.31.12. № 1184 [Қаулысымен](#) алып тасталды *(2016 ж. 2 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*
- 17) ҚР Үкіметінің 2015.31.12. № 1184 [Қаулысымен](#) алып тасталды *(2016 ж. 2 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*
- 18) мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктерге сынақ жүргізу және байқаудан өткізу әдістемесін әзірлейді және бекітеді;
- 19) асыл тұқымдық өнімнің (материалдың) барлық түрлеріне асыл тұқымдық куәліктердің нысандарын және оларды беру (жою) тәртібін әзірлейді және бекітеді;
- 20) асыл тұқымдық өнім (материал) мәртебесін беру (тоқтата тұру, күшін жою) тәртібін әзірлейді және бекітеді;
- 20-1) асыл тұқымды малдың жеке карточкасын толтыру нысаны мен тәртібін әзірлейді және бекітеді;
- 21) селекциялық және мал тұқымын асылдандыру жұмысының ақпараттық базасын жүргізу тәртібін әзірлейді және бекітеді;
- 22) асыл тұқымдық кітап жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 23) асыл тұқымды жануарлардың мемлекеттік тіркелімін жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 24) экспорттаушы елдердің құзыретті органдары импортталған асыл тұқымдық өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған баламалы құжатты тану тәртібі туралы ережені әзірлейді және бекітеді;
- 25) мал шаруашылығы салалары бойынша асыл тұқымды өнімді (материалды) есепке алу нысандарын әзірлейді және бекітеді;
- 25-1) жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 25-2) жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормаларын әзірлейді және бекітеді;
- 25-3) жайылымдарды суландыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді және бекітеді;
- 25-4) жайылымдардың оты-суының молдығы және жайылымдық инфрақұрылым объектілерінің жай-күйі туралы деректер жинауды жүзеге асырады;
- 25-5) жайылымдарды қалпына келтіру, сақтау, ұтымды пайдалану және түбегейлі жақсарту үшін ғылыми-зерттеу, іздестіру, жобалау жұмыстарын ұйымдастырады;
- 25-6) жайылымдарды пайдалану және қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;
- 26) ҚР Үкіметінің 2015.31.12. № 1184 [Қаулысымен](#) алып тасталды *(2016 ж. 2 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*
- 27) өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлар туралы ережені әзірлейді және бекітеді;
- 28) арнайы су пайдалануға рұқсат алуға өтініштің нысанын және арнайы су пайдалануға рұқсаттың нысанын әзірлейді;
- 29) екі немесе одан көп облыс аумағындағы карантиндік аймақтарда өсімдіктер карантинін жүргізу тәртібін әзірлейді және бекітеді;
- 30) әкелінетін карантинге жатқызылған өнімге қойылатын фитосанитариялық талаптарды әзірлейді және бекітеді;
- 31) карантинге жатқызылған өнімдердің тізбесін әзірлейді және бекітеді;
- 32) ҚР Үкіметінің 2016.02.11. № 652 [Қаулысымен](#) алып тасталды *(бұр.ред.қара)*

33) Қазақстан Республикасының аумағын карантинді объектілерден және бөтен текті түрлерден қорғау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

34) оларға қатысты өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралар белгіленетін және жүзеге асырылатын карантиндік объектілер мен бөтен текті түрлердің тізбесін бекітеді;

35) өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін пестицидтердің (улы химикаттардың) қорын құру және сақтау тәртібін әзірлейді және бекітеді;

36) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісім бойынша өсімдіктер карантині саласында мемлекеттік бақылау мен қадағалауды тікелей жүзеге асыратын ведомствоның және фитосанитариялық бақылау бекеттерімен бірге аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарын нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормаларын әзірлейді және бекітеді;

37) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісім бойынша өсімдіктер карантині саласындағы заттай нормаларды әзірлейді және бекітеді;

38) зертханалық сараптаманы қоспағанда, кеден ісі саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша кеден органдары лауазымды адамдарының Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы автомобиль өткізу бекеттерінде мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылауды жүзеге асыруы тәртібін, сондай-ақ өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті орган мен кеден органдарының өзара іс-қимыл жасау тәртібін бекітеді;

39) карантинді объектілермен залалданған, зарарсыздандыруға немесе өңдеуге жатпайтын, карантинге жатқызылған өнімді алып қою және жою жөніндегі қағидаларды әзірлейді және бекітеді;

40) нысанды киім (погонсыз) киіп жүруге құқығы бар лауазымды адамдардың тізбесін, нысанды киім (погонсыз) үлгілерін және оларды киіп жүру тәртібін айқындайды;

41) өз құзыреті шегінде мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді, сондай-ақ өздері құпияландырған мәліметтерді қорғауды қамтамасыз етеді;

42) астық өндірушілерді қорғау үшін демпингке қарсы шаралар қолдану бойынша ұсыныстар әзірлейді;

43) Қазақстан Республикасының астық туралы заңнамасы талаптарының бұзылуын жою туралы нұсқаманың, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулының нысандарын әзірлейді және бекітеді;

44) астық сапасын сараптау тәртібіне және астық сапасының паспортын беруге қойылатын талаптарды әзірлейді және бекітеді;

45) астыққа және оның тіршілік циклінің процестеріне арналған техникалық регламенттерді әзірлейді және бекітеді;

46) астық қолхаты жазылатын бланктерге қойылатын талаптарды, оларды шығару, сатып алу, сақтау және жою тәртібін, сондай-ақ астық қолхаттарының үлгілеріне қойылатын талаптарды әзірлейді және бекітеді;

47) астық қабылдау кәсіпорнын зерттеп қарау актісінің нысанын әзірлейді және бекітеді;

48 - 51) ҚР Үкіметінің 2015.31.12. № 1168 [Қаулысымен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

52) астық қабылдау кәсіпорны мен астық иесінің арасындағы жария шарттардың үлгілік нысанын әзірлейді және бекітеді;

53) астық қолхаттарын шығару арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын әзірлейді және бекітеді;

54) ҚР Үкіметінің 2015.31.12. № 1168 [Қаулысымен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

55) астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

56) астық сақтау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

57) астық қолхаттарын беру, олардың айналымы және өтелуі қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

58) астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

59) астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

59-1) астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізіліміне деректер берудің нысандарын, көлемін және кезеңділігін әзірлейді және бекітеді;

60) ҚР Үкіметінің 2015.31.12. № 1168 [Қаулысымен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

61) ҚР Үкіметінің 2015.31.12. № 1168 [Қаулысымен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

62) астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорларын құруға, олардың жұмыс істеуі мен таратылуына қойылатын талаптарды, астық қабылдау кәсіпорындарының астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру жүйесіне қатысу шарттарын, астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорының (қорларының) кепілдіктер алу тәртібін, астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорының (қорларының) астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді өтеу тәртібін әзірлейді және бекітеді;

63) ҚР Үкіметінің 2015.31.12. № 1168 [Қаулысымен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

64) ҚР Үкіметінің 2015.31.12. № 1168 [Қаулысымен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

65) бал араларды қорғауға және өсімін молайтуға бағытталған ғылыми зерттеулер ұйымдастыруды жүзеге асырады;

66) аса қауіпті зиянды организмдер тізбесін әзірлейді және бекітеді;

67) өсімдіктерді қорғау саласында халықаралық ұйымдармен және мемлекеттік органдармен ынтымақтастық жасайды және халықаралық бағдарламаларды іске асыруға қатысады;

68) мынадай:

пестицидтер (улы химикаттар) өндіру (формуляциялау);

пестицидтер (улы химикаттар) өткізу;

пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдық және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне қойылатын біліктілік талаптарын әзірлейді және бекітеді;

69) бал жиналатын өсімдіктерді өңдеу үшін қолданылатын өсімдіктерді қорғау құралдарының, минералды тыңайтқыштардың және басқа да препараттардың тізбесін әзірлейді және бекітеді;

70) пестицидтер (улы химикаттар) айналымы саласындағы техникалық регламенттерді әзірлейді және бекітеді;

71) пестицидтердің (улы химикаттардың) тіркеулік, өндірістік сынақтарын жүргізу және мемлекеттік тіркеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

72) ҚР Үкіметінің 2016.02.11. № 652 [Қаулысымен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

73) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес хаттамалар мен нұсқамалар нысандарын, сондай-ақ оларды жасау мен шығару тәртібін әзірлейді және бекітеді;

74) фитосанитариялық нормативтерді, фитосанитариялық есепке алу нысандарын, сондай-ақ оларды ұсыну тәртібін әзірлейді және бекітеді;

75) ҚР Үкіметінің 2016.02.11. № 652 [Қаулысымен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

76) қоршаған ортаны қорғау және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен келісім бойынша пестицидтерді (улы химикаттарды) залалсыздандыру тәртібін айқындайды;

77) топыраққа агрохимиялық зерттеп-қарау жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

78) ҚР Үкіметінің 2017.14.02. № 65 [Қаулысымен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

79) ветеринариялық ғылыми зерттеулерді және ветеринария саласындағы мамандарды, ветеринария саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды қайта даярлауды ұйымдастырады;

80) профилактикасы, диагностикасы мен жойылуы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың аса қауіпті ауруларының тізбесін әзірлейді және бекітеді;

81) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ветеринария саласындағы халықаралық ұйымдарда Қазақстан Республикасының атынан өкілдік етеді, сондай-ақ олармен ынтымақтастықты ұйымдастырады;

82) ветеринариялық препараттардың республикалық запасын қалыптастыру, пайдалану және есептен шығару тәртібі мен нормативтерін бекітеді;

83) ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын оларды пайдалану кезінде есептен шығару, сондай-ақ оларды сақтау мерзімі өткеннен кейін жою немесе зертханалық зерттеулердің нәтижелері бойынша мақсаты бойынша пайдалануға жарамсыз деп тану тәртібі мен нормативтерін бекітеді;

84) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру тәртібін әзірлейді және бекітеді;

85) жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шараларды жоспарлау және жүргізу қағидаларын бекітеді;

86) мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар желісінің мемлекеттік нормативін әзірлейді және бекітеді;

87) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісім бойынша ветеринариялық бақылау бекеттеріндегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторларды нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормаларын әзірлейді;

88) зертханалық бақылауды қоспағанда, кеден ісі саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша кеден органдары лауазымды адамдарының Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды жүзеге асыруы тәртібін, сондай-ақ ветеринария саласындағы уәкілетті орган мен кеден органдарының өзара іс-қимыл жасау тәртібін әзірлейді және бекітеді;

89) ветеринария саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптарын әзірлейді және бекітеді;

90) жеткілікті ғылыми негіздемеге негізделген және жануарлар мен адамның өмірі мен саулығы үшін зардаптары ескерілген, сондай-ақ халықаралық талаптарға сәйкес келетін ветеринариялық нормативтерді бекітеді;

91) ветеринария саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды аттестаттау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

92) ветеринария саласындағы техникалық регламенттерді әзірлейді және бекітеді;

93) Қазақстан Республикасының аумағында орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдауды жүзеге асыру тәртібін әзірлейді және бекітеді;

94) тиісті аумақтағы эпизоотиялық ахуалды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру тәртібін әзірлейді және бекітеді;

95) жануарларды өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру тәртібін әзірлейді және бекітеді;

96) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің және биологиялық материалдың сынамаларын іріктеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

97) жергілікті атқарушы органдардың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелері туралы үлгілік ережені әзірлейді және бекітеді;

98) процессингтік орталықтың жұмыс істеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

99) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған лазерлік станцияларды, бұйымдар (құралдар) мен атрибуттарды және оларды өндірушілерді тіркеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

100) ҚР Үкіметінің 2017.14.02. № 65 [Қаулысымен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

- 101) кейіннен өткізуге арналған ауыл шаруашылығы жануарларын союды жүргізуді ұйымдастыру тәртібін әзірлейді және бекітеді;
- 102) ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) нормаларды, ветеринариялық есепке алу мен есептілік нысандарын әзірлейді және бекітеді;
- 103) ветеринариялық есепке алу мен есептілікті жүргізу, ұсыну тәртібін әзірлейді және бекітеді;
- 104) жануарларды өсіруді, өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды әзірлейді және бекітеді;
- 105) жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (жануарларды сою), сақтауды, өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды әзірлейді және бекітеді;
- 106) ветеринариялық препараттарды, жемшөп және жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды әзірлейді және бекітеді;
- 107) ветеринариялық құжаттарды беру тәртібін және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарды әзірлейді және бекітеді;
- 108) жаңа, жетілдірілген ветеринариялық препараттарға, жемшөп қоспаларына арналған нормативтік-техникалық құжаттаманы келісу тәртібін әзірлейді және бекітеді;
- 109) өндірістік бақылау бөлімшелерінің ветеринар дәрігерлерін аттестаттау тәртібін әзірлейді және бекітеді;
- 110) биологиялық қалдықтарды кәдеге жарату, жою тәртібін әзірлейді және бекітеді;
- 111) ҚР Үкіметінің 2016.02.11. № 652 [Қаулысымен](#) алып тасталды (*бұр.ред.қара*);
- 112) сараптама актісін (сынақ хаттамасын) беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 113) ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 114) ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын мемлекеттік тіркеуді жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 115) жануарларды өткізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 116) жануарларды карантинге қою қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 117) дезинфекция, дезинсекция, дератизация жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 118) эпизоотиялық мониторинг жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 119) ветеринариялық препараттар мен жемшөп қоспаларын байқаудан өткізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 120) жануарларға қарау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 121) шектеу іс-шаралары мен карантинді белгілеу немесе алып тастау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 122) диагностикалық зерттеулер жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 123) ҚР Үкіметінің 2016.02.11. № 652 [Қаулысымен](#) алып тасталды (*бұр.ред.қара*);
- 124) ветеринария саласындағы нұсқамалар нысандарын, оларды жасау және беру тәртібін әзірлейді және бекітеді;
- 125) ветеринариялық бақылау бекеттеріндегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың нысанды киім (погонсыз) үлгілерін және оларды киіп жүру тәртібін әзірлейді және бекітеді;
- 126) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу кезінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру тәртібін әзірлейді және бекітеді;
- 127) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау туралы ережені әзірлейді және бекітеді;
- 128) агрохимикаттарды мемлекеттік тіркеуді жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

129) тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін айқындау бойынша оларға ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу тәртібін әзірлейді және бекітеді;

130) Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет өндірілетін (дайындалатын) және алғаш рет әкелінетін (импортталатын) жемшөп қоспаларын мемлекеттік тіркеу тәртібін әзірлейді және бекітеді;

131) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларды және ветеринария саласындағы басқа да нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

132) ветеринариялық іс-шаралар жүргізу кезінде мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жасау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

133) селекция, сорт сынау және тұқым шаруашылығы бойынша ғылыми-техникалық бағдарламаларды әзірлейді;

134) бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді, тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханаларды аттестаттау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

135) тұқым шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың бағыттарын, тұқымдары бюджет қаражаты есебінен субсидиялануға жататын ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тізбесін және оларға арналған субсидиялардың нормативтерін айқындайды;

136) тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

137) өз құзыреті шегінде селекция және тұқым шаруашылығы бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

138) міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімдерінің түрлерін өндіру үшін егістік алаңының бір гектарына арналған шығындар нормативтерін әзірлейді және бекітеді;

139) республикадағы және шет елдердегі өсімдік шаруашылығы саласының жай-күйі ахуалын зерделейді;

140) техникалық регламенттердің жобаларын әзірлеу, Министрліктің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ұсыныстар дайындау үшін сараптамалық кеңестер құрады;

141) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптасу руды және іске асыруды жүзеге асырады;

142) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жасау жөнінде кеңестер құрады;

143) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс саласындағы уәкілетті органға мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру бойынша ақпарат береді;

144) мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыратын үкіметтік емес ұйымдарға ақпараттық, консультациялық, әдістемелік қолдау көрсетеді;

145) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы техникалық саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді;

146) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мемлекетаралық экономикалық байланыстардың басым бағыттарын тұжырымдайды, өз құзыреті шегінде агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы халықаралық жобаларды іске асырады;

147) агроөнеркәсіптік кешенді ғылыми қамтамасыз ету және кадрлар даярлау саласында мемлекеттік саясатты іске асырады;

148) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы нормативтік құқықтық базаны, бағалық, техникалық, кедендік, салықтық, кредиттік, сақтандыру қызметін жетілдіру, сондай-ақ техникалық реттеу мен мемлекет саясат саласындағы мәселелер бойынша ұсыныстар енгізеді;

149) агроөнеркәсіптік кешенді ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

150) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін техникалық жарактандыру және ауыл шаруашылығы машиналарын жасауды дамыту бойынша іс-шаралар әзірлейді;

- 151) азық-түлік тауарларының бағалары мен нарықтарына мониторинг жүргізеді;
- 152) азық-түлік қауіпсіздігінің жай-күйіне мониторинг жүргізеді;
- 153) агроөнеркәсіптік кешеннің дамуына мониторинг жүргізеді;
- 154) нарыққа реттеушілік әсер ету үшін мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды шығару туралы және мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды шығаруға қатысатын ұйымдардың тізбесі, шығарылатын материалдық құндылықтардың көлемі мен бағасы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметіне ұсыныстар енгізеді;
- 155) ауыл шаруашылығы өнімдерінің нақты түрлерін өндіру үшін ауыл шаруашылығы алқаптарын оңтайлы пайдалану бойынша өңірлерді мамандандырудың ұсынылатын схемаларын әзірлейді және бекітеді;
- 156) өңірлер бойынша азық-түлік тауарларының запастарын есепке алу нысандары мен есептілік ұсыну тәртібін әзірлейді және бекітеді;
- 157) өңдеу кәсіпорындарының ауыл шаруашылығы өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 158) кепілдендірілген сатып алу бағасы мен сатып алу бағасы белгіленетін ауыл шаруашылығы өнімдерінің тізбесін әзірлейді;
- 159) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарына кепілдік беру мен оларды сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 159-1) Шағын қалаларда және ауылдық елді мекендерде кредит беру және микрокредит беру [қағидаларын](#) әзірлейді және бекітеді;
- 159-2) Ауылдық жерлерде және шағын қалаларда микроқаржы ұйымдары/кредиттік серіктестіктер беретін кредиттер/микрокредиттер бойынша кепілдік беру [қағидаларын](#) әзірлейді және бекітеді;
- 159-3) Микроқаржы ұйымдарының операциялық шығыстарын субсидиялау [қағидаларын](#) әзірлейді және бекітеді;
- 160) инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 161) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісім бойынша ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсетудің заттай нормаларын әзірлейді және бекітеді;
- 162) ауыл шаруашылығы өнімдерінің және оны өндеуден алынған өнімдердің табиғи кему, кебу, азаю, бұзылу нормаларын әзірлейді және бекітеді;
- 163) ауылдық елді мекендерге тартылатын агроөнеркәсіптік кешен мамандары лауазымдарының тізбесін әзірлейді және бекітеді;
- 164) салалық көтермелеу жүйесін бекітеді;
- 165) «Агроөнеркәсіптік кешендегі кәсібі бойынша үздік» конкурсын өткізу қағидаларын әзірлейді;
- 166) агроөнеркәсіптік кешен өнімдерінің республикалық көрмелерін, жәрмеңкелерін ұйымдастырады;
- 167) субсидиялар алушы міндеттемесінің нысанын әзірлейді және бекітеді;
- 168) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесін әзірлейді;
- 169) азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандырушы қорларын қалыптастыру және пайдалану қағидаларын әзірлейді;
- 170) мыналарды:
тұқым шаруашылығын дамытуды;
мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды;
асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды;
акваөсіру (балық шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруды;
басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және

көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын;

тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда);

өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын;

ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын;

жеміс-жидек дақылдарының және жүзімнің көпжылдық көшеттерін отырғызу және өсіру (оның ішінде қалпына келтіру) шығындарының құнын;

ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын;

отандық ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу үлесін ұлғайтуды;

кредиттер мен технологиялық жабдықтың лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемесін;

мақта өндірумен айналысатын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шитті мақта мен мақта талшығы сапасының сараптамасына арналған шығындардың құнын;

ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді басқару жүйелерін дамытуды;

ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

171) - 174) ҚР Үкіметінің 2017.03.08. № 466 [Қаулысымен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

175) мақта қолхаттарын бере отырып, қойма жұмысы бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке және сараптамалық ұйымға қойылатын біліктілік талаптарын әзірлейді және бекітеді;

176) мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қорларының қызметі мен таратылуы қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

177) мақта өңдеу ұйымдарының мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру жүйесіне қатысуы қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

178) мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қорларының кепілдіктерін алу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

179) мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қорларының міндеттемелерін өтеуі қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

180) мақтаның сандық-сапалық есебін жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

181) мақта өңдеу ұйымдарына қабылдап алу кезінде шитті мақтаның сапасын сараптауды субсидиялау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

182) мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

183) мақта қолхаттарын беру, олардың айналымы, оларды жою және өтеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

184) кепіл туралы мәліметтер бар қойма куәлігін ұстаушының талап етуі бойынша мақта босату тәртібін айқындайды;

185) өз құзыреті шегінде өсімдіктерді қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

186) ветеринариялық-санитариялық бақылануға және қадағалануға тиісті тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық ұйымдарда Қазақстан Республикасының атынан өкілдік етеді;

187) машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласында мемлекеттік саясатты іске асырады;

188) ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласында ұсыныстар әзірлеуге және мемлекеттік саясатты іске асыруға, тиісті салада ғылыми зерттеулер жүргізу жөніндегі жұмыстарды үйлестіруге қатысады;

189) тиісті салада іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің басым бағыттарын қалыптастыруға қатысады;

190) тиісті салада мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды әзірлеуді және олардың іске асырылуын жүзеге асыруды ұйымдастырады;

191) ғылым саласындағы уәкілетті органға «Ғылым туралы» 2011 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасының [Заңына](#) сәйкес ұлттық ғылыми кеңестердің құрамына енгізу үшін кандидатуралар бойынша ұсыныстар енгізеді;

192) ғылым саласындағы уәкілетті органға «Ғылым туралы» 2011 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасының [Заңына](#) сәйкес базалық қаржыландыру субъектілерінің тізбесін қалыптастыру бойынша ұсыныстар енгізеді;

193) мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, тиісті салада орындалған ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар бойынша есептерді бекітеді;

194) Министрлік реттейтін салада акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегиялары мен даму жоспарларының орындалуын бақылау мен талдауды жүзеге асырады;

195) стратегиялық объектіге ие болудың басым құқығын іске асыру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімінің жобасын әзірлейді;

196) облыстардың жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге жеткізу үшін қажетті мұнай өнімдерінің көлемін айқындайды;

197) ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің мұнай өнімдерімен қамтамасыз етілуіне талдау жүргізеді және оның нәтижелерін мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті органға ұсынады;

198) мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы заңнаманы сақтай отырып, ұлттық қауіпсіздіктің жай-күйі және оны қамтамасыз ету бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы халықты хабардар етеді, насихаттау және насихаттауға қарсы қызметті жүргізеді;

199) ұлттық қауіпсіздік жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді;

200) ұлттық қауіпсіздік саласындағы заңдардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз етеді;

201) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары мен регламенттерінің қолжетімділігін қамтамасыз етеді;

202) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес агроөнеркәсіптік кешен саласында мемлекеттік қызметтер көрсету процестерін оңтайландыру және автоматтандыру бойынша шаралар қабылдайды;

202-1) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың, сондай-ақ ақпараттандырудың сервистік моделін іске асыру қағидаларының сақталуын қамтамасыз етеді;

202-2) «электрондық үкіметтің» архитектурасын дамыту жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді;

202-3) мемлекеттік органның мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелерін құрады және дамытады;

202-4) мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстардың толықтыруды жүзеге асырады, олардың анықтығы мен өзектілігін қамтамасыз етеді;

202-5) ақпараттандыру саласындағы сарапшылық кеңеспен келісу бойынша мемлекеттік органның архитектурасын бекітеді, оның өзектендірілуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ оны іске асыруға қажетті жағдайлар жасайды;

202-6) «электрондық үкіметті» дамытуға қатысады;

202-7) өз құзыреті шегінде жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік органның қарауындағы ақпараттық жүйелерге қол жеткізуін қамтамасыз етеді;

202-8) «электрондық үкіметтің» архитектуралық порталында мемлекеттік органның ақпараттық жүйелерін тіркеуді, мемлекеттік органның ақпараттандыру объектілері туралы мәліметтерді есепке алуды, мемлекеттік органның ақпараттандыру объектілерінің техникалық құжаттамасының электрондық көшірмелерін орналастыруды, сондай-ақ мемлекеттік органның ақпараттандыру объектілері туралы ақпараттың өзектендірілуін қамтамасыз етеді;

202-9) мемлекеттік органның ақпараттық жүйелерінің әзірленген бағдарламалық қамтылымын, бастапқы бағдарламалық кодтарын (бар болса) және лицензиялық бағдарламалық қамтылымының баптау кешенін есепке алу және сақтау үшін «электрондық үкіметтің» сервистік интеграторына беруді қамтамасыз етеді;

202-10) техникалық құжаттаманың қағаз жеткізгіштердегі түпнұсқаларын сақтауды қамтамасыз етеді және оларды «электрондық үкіметтің» сервистік интеграторына оның сұрау салуы бойынша ұсынады;

202-11) ақпараттық жүйелерді құру немесе дамыту кезінде стандартты шешімдерді пайдалануды жүзеге асырады;

202-12) өз интернет-ресурсында мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурсты қалыптастыру, мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін құру мен ақпараттық жүйелерін дамыту жоспарлары және нәтижелері туралы жалпыға бірдей қолжетімді ақпаратты орналастырады;

202-13) интернет-ресурсты мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасында орналастырады, сондай-ақ олардың дұрыстығын және өзектендірілуін қамтамасыз етеді;

202-14) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын ашық деректер тізбесін бекітеді;

202-15) ақпараттық-коммуникациялық көрсетілетін қызметтердің каталогына сәйкес «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы операторынан ақпараттық-коммуникациялық көрсетілетін қызметтерді сатып алады;

202-16) кәсіби стандарттарды әзірлеу және бекіту кезінде тиісті қызмет салалары мамандарының цифрлық сауаттылық деңгейіне қойылатын талаптарды белгілейді;

203) уәкілетті органға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасына бағалау жүргізу үшін агроөнеркәсіптік кешен саласында мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын бағалау және оны бақылау бойынша ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету сапасын ішкі бақылаудың нәтижелері бойынша ақпарат ұсынуды қамтамасыз етеді;

204) егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына агроөнеркәсіптік кешен саласында мемлекеттік қызметтер көрсету үшін қажетті мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйелерге кіруіне рұқсат береді;

205) Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығына агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы ақпарат береді;

206) көрсетілетін қызметті берушілердің агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын сақтауын қамтамасыз етеді;

207) 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының [Кәсіпкерлік кодексіне](#) сәйкес ішінара тексеру жүргізу кезінде тексерілетін субъектілерді (объектілерді) іріктеу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына қатысты актілерді әзірлейді және кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп бекітеді;

207-1) өз құзыреті шегінде кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларына, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының жобаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушы болуға ниеттенетін халықаралық шарттарға сараптама жүргізуге қатысуға үміткер жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерін аккредиттеуді жүзеге асырады;

207-2) 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының [Қәсіпкерлік кодексіне](#) сәйкес өз құзыреті шегінде жеке кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестің құрамын бекітеді;

207-3) кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің [82-бабының 3-тармағында](#) көзделген әзірленіп жатқан құжаттар жобаларына қатысты реттеушілік әсерге талдау жүргізеді;

207-4) кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органға кәсіпкерлік қызметті реттеудің жай-күйі туралы есептерді ұсынады;

207-5) реттелетін салада мемлекеттік бақылау және қадағалау тиімділігінің мониторингін жүзеге асырады;

207-6) ашық бюджеттер интернет-порталында бюджеттік есептілікті, шоғырландырылған қаржылық есептілікті, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау нәтижелерін орналастыруды, сондай-ақ бюджеттік бағдарламалардың жобаларын және бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы есептерді жария талқылау жүргізуді жүзеге асырады;

207-7) ашық нормативтік құқықтық актілер интернет-порталында заң жобалары тұжырымдамаларының және нормативтік құқықтық актілердің жобаларын оларға түсіндірме жазбаларымен және салыстырма кестелерімен бірге (заңнамалық актілерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайларда) оларды мүдделі мемлекеттік органдарға келісуге жібергенге дейін жария талқылау үшін орналастыруды жүзеге асырады;

207-8) ақпарат берудің сапасы мен уақтылылығына ішкі бақылау жүргізеді;

207-9) реттелетін салада біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келіседі және оларды бекітеді;

207-10) Қоғамдық кеңес құрады және оның құрамын бекітеді;

207-11) қоғамдық кеңестердің ұсынымдарын қарайды, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шешімдерді қабылдайды және уәжді жауаптар береді;

207-12) Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының құрамын бекітеді;

207-13) екінші санаттағы рұқсаттарды беруге уәкілетті органдарды, екінші санаттағы рұқсаттар беруді келісуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды айқындау туралы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлейді және рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келіседі;

207-14) Қоғамдық кеңестің қызметін ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

207-15) ашық деректер интернет-порталында ашық деректерді қазақ және орыс тілдерінде орналастыруды жүзеге асырады;

207-16) екінші санаттағы рұқсатты алуға арналған өтініштердің нысандарын, екінші санаттағы рұқсаттардың нысандарын әзірлейді, оларды рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келіседі және бекітеді;

208) стандарттар, нормативтер, нұсқаулықтар, әдістемелер және ұсынымдар әзірлеу арқылы агроөнеркәсіптік кешенді нормативтік-әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

209) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен, салалық жұмыс берушілер бірлестіктерімен және салалық жұмыскерлер бірлестіктерімен бірлесіп, кәсіптік стандарттар әзірлейді;

210) реттелетін салада кадрларға қажеттілікті айқындайды;

211) республикалық жұмыс берушілер бірлестіктерінің және жұмыскерлер бірлестіктерінің пікірін ескере отырып, мамандардың біліктілікке сәйкестігін растау және оны беру тәртібін бекітеді;

212) салалық жұмыс берушілер бірлестіктерінің және салалық жұмыскерлер бірлестіктерінің пікірін ескере отырып, салалық біліктілік шеңберлерін бекітеді;

213) ормандар мен жануарлар дүниесін қорғау, молықтыру және пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды салааралық үйлестіруді жүзеге асырады;

214) жануарлардың санын реттеу қағидаларын әзірлейді;

215) карантиндік түрлерді қоспағанда, орманның аса қауіпті зиянкестері мен ауруларының тізбесін және олармен күресу тәртібін әзірлейді;

216) өз құзыреті шегінде су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге қатысады;

217) су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың бас және бассейндік схемаларын және су шаруашылығы теңгерімдерін әзірлеу мен бекіту тәртібін айқындайды;

218) сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын ерекше маңызды топтық және оқшау сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесін әзірлейді және бекітеді;

219) аумақтық суларда (теңізде) жүзу және шаруашылық, зерттеу, іздестіру және кәсіпшілік жұмыстарын жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

220) конкурстық негізде су объектілерін оқшау немесе бірлесіп пайдалануға беру тәртібін айқындайды;

221) су шаруашылығы құрылыстарын жалға және сенімгерлік басқаруға беру тәртібін айқындайды;

222) ортақ су пайдаланудың үлгілік қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

223) судың бастапқы есебінің қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

223-1) су тұтынудың және су бұрудың үлестік нормаларын әзірлеу жөніндегі әдістемені әзірлейді және бекітеді;

223-2) экономиканың жекелеген салалары үшін су тұтынудың және су бұрудың ірілендірілген нормаларын әзірлейді және бекітеді;

224) су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

224-1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, жерүсті су объектілері жай-күйінің нысаналы көрсеткіштері мен оларға қол жеткізу жөніндегі іс-шараларды әзірлеу әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

224-2) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісім бойынша суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйінің мониторингін және оны бағалауды жүргізу үшін техникамен және жабдықпен материалдық-техникалық жарақтандырудың заттай нормаларын, пайдалану шығындары үшін материалдардың жұмсалыу нормаларын, химиялық реактивтер мен зертхана ыдыстарының, далалық жарақтардың және арнайы киімдердің тиесілілік нормаларын, гидрогеологиямелиоративтік қызмет жұмыскерлерінің уақыт пен жұмыс жүктемесі нормаларын әзірлейді және бекітеді;

225) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен су қатынастарын реттеу, трансшекаралық суды ұтымды пайдалану және қорғау мәселелері бойынша шектес мемлекеттермен ынтымақтастықты жүзеге асырады;

226) Қазақстан Республикасының Үкіметіне биоәртүрлілікті сақтауға және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамытуға гранттар беретін халықаралық және мемлекеттік ұйымдардың, үкіметтік емес ұйымдар мен қорлардың тізбесін бекіту бойынша ұсыныстар енгізеді;

227) республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар тізбесін әзірлейді;

228) Қазақстан Республикасының Үкіметіне өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлерін, олардың бөліктерін немесе дериваттарын алып қою және оларды алып қою көлемдерін бекіту жөнінде ұсыныстар енгізеді;

229) Қазақстан Республикасының Үкіметіне мемлекеттік орман қорын санаттар бойынша бөлу жөнінде ұсыныстар енгізеді;

239-1) аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) олардың учаскелерін қайта бекітіп беру жөніндегі қағидаларды және олар бұдан бұрын бекітіп берілген тұлғаларға қойылатын біліктілік талаптарын әзірлейді және бекітеді;

239-2) ихтиологиялық байқаулар қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

239-3) балық шаруашылығы су айдындарында балық өсіру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

239-4) балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) олардың учаскелерін кәсіпшілік балық аулауды, әуесқойлық (спорттық) балық аулауды, көлде тауарлы балық өсіру шаруашылығын, тор қоршамада балық өсіру шаруашылығын жүргізуге арналған су айдындарына және (немесе) учаскелеріне жатқызудың өлшемшарттарын әзірлейді және бекітеді;

239-5) сирек кездесетіндерден және жойылып кету қаупі төнгендерден басқа, жануарларды эпизоотияны болғызбау мақсатында пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

ҚР Үкіметінің 2017.29.12. № 934 Қаулысымен 239-6) тармақшамен толықтырылды (2018 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді)

239-6) кәсіпшілік күш жұмсау нормативтерін әзірлейді және бекітеді;

230) орман шаруашылығы саласындағы көтермелеу қағидаларын және құрметті атақтар, төсбелгілер және құрмет грамоталарын беру тәртібін әзірлейді және бекітеді;

231) білім беру саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша мектеп орманшылығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

232) Қазақстан Республикасы Үкіметіне сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін, олардың бөліктерін немесе дериваттарын алу туралы ұсыныс енгізеді;

233) халықаралық және республикалық маңызы бар сулы-батпақты жерлердің тізімдерін әзірлейді және бекітеді;

234) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы құрметті атақтарды, төсбелгілерді және құрмет грамоталарын беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

235) Қазақстан Республикасының аумағында шаруашылықаралық аңшылық ісін ұйымдастыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

236) су айдындарын балықтандыру, су объектілерінің балық шаруашылығы мелиорациясы жөніндегі жұмыстарды жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

237) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы көтермелеу қағидаларын және құрметті атақтар, төсбелгілер және құрмет грамоталарын беру тәртібін әзірлейді және бекітеді;

238) «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабы 2-тармағының екінші бөлігінде белгіленген жағдайларда ғана республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерін босалқы жерге ауыстыру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

239) аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру бойынша конкурс өткізу қағидаларын және конкурсқа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын әзірлейді және бекітеді;

240) жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар мен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйымдар инспекторларының арнайы

құралдар мен қызметтік қаруды қолдануы, сондай-ақ қорықшылардың қызметтік қаруды қолдануы қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

241) ҚР Үкіметінің 2017.29.12. № 934 [Қаулысымен](#) алып тасталды (*бұр.ред.қара*)

242) Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге әкімшілік органның рұқсаттар беруі қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

242-1) Республикалық және жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи қаумалдар мен республикалық маңызы бар мемлекеттік қорық аймақтарын таратудың және олардың аумақтарын азайтудың жаратылыстану-ғылыми негіздемесі жобаларын әзірлеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

243) өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды қолдау үшін бөлінетін ақшаны пайдалану тәртібін және агент көрсететін қызметтерге төлемақының мөлшерін бекітеді;

244) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

244-1) Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды биосфералық резерваттарға жатқызу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

245) ҚР Үкіметінің 2015.31.12. № 1168 [Қаулысымен](#) алып тасталды (*бұр.ред.қара*)

246) жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығы үшін қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты міндетті түрде алып қою және жою жүргізілетін жануарлардың аса қауіпті ауруларының тізбесін бекітеді;

247) Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарын айырым белгілері бар нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормаларын бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша әзірлейді және бекітеді;

248) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісім бойынша мемлекеттік орман қоры аумағындағы орман пайдаланушылар сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік, спорттық және басқа да іс-шаралар өткізетін орындардағы өрт сөндіру құралдарының тиесілік нормаларын әзірлейді және бекітеді;

249) өсімдіктерді қорғау саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулерді ұйымдастырады және үйлестіреді, тапсырыстарды жүзеге асырады;

250) техникалық реттеу және метрология жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға тұқым шаруашылығы саласындағы қолда бар ұлттық стандарттарды және стандарттау бойынша басқа да нормативтік құжаттарды жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді;

251) өсімдік шаруашылығын дамыту үшін құқықтық және экономикалық жағдайларды жетілдіреді;

252) техникалық регламенттердің, стандарттардың қорын және өздерінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша өзге де құжаттарды жүргізуді жүзеге асырады;

253) ерлер мен әйелдердің тең құқықтарын және тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады;

254) мемлекеттік орман саясатын қалыптастыру бойынша ұсыныстар дайындайды;

255) өз құзыреті шегінде мемлекеттік қызмет көрсету кезінде тұтынушылар құқықтарын қорғау саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асырады;

256) жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесін әзірлейді;

257) асыл тұқымды мал шаруашылығын мемлекеттік қолдау бағыттарын айқындайды;

258) өз құзыреті шегінде тарифтік квотаны бөлу тәртібіне сәйкес сыртқы сауда қызметіне қатысушылардың арасында тарифтік квоталарды бөледі;

259) республикалық және жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи қаумалдарды және республикалық маңызы бар мемлекеттік қорықтық аймақтарды тарату және олардың аумағын кішірейту бойынша ұсыныстар енгізеді;

260) сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша өз құзыреті шегінде жекелеген тауарларды әкетуге және (немесе) әкелуге тыйым салады және сандық шектеулер енгізеді;

261) өз құзыреті шегінде өсімдіктер карантині саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

262) сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша өз құзыреті шегінде сыртқы сауда қызметіне қатысушылардың арасында жекелеген тауарларды әкетуге және (немесе) әкелуге сандық шектеулерді бөлуді жүзеге асырады;

263) сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша өз құзыреті шегінде квоталардың мөлшерін және квоталардың қолданылу мерзімін айқындайды;

264) сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша өз құзыреті шегінде экспортына және (немесе) импортына ерекше құқық берілетін тауарлардың жекелеген түрлерінің тізбесін бекітеді;

265) орман қорын қорғау, күзету және пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласында Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін әзірлейді және бекітеді;

266) мемлекеттік ұлттық табиғи парктерде туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру қағидаларын әзірлейді;

267) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде кеспеағаш аймағын бөліп беру мен таксациялау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

268) орман ресурстары сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар; аңшылық шаруашылығының мұқтаждықтары; жанама орман пайдалану үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген мемлекеттік орман қоры жерлерінде орман пайдаланушыларға құрылыс объектілерін салуға учаскелер беру және осы учаскелерді осындай объектілер салу үшін пайдалануға рұқсат беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

269) орман дақылдарын, питомниктерді, табиғи түрде қайта түлеуге ықпал ету шаралары жүргізілген және мемлекеттік орман қорында табиғи өсірілуге қалдырылған алаңдарды түгендеуді жүргізу тәртібін әзірлейді және бекітеді;

270) орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығын әзірлейді және бекітеді;

271) Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарының айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) үлгілерін және оны киіп жүру тәртібін әзірлейді және бекітеді;

272) мынадай: мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орманды пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін есептеудің; орман қоры аумағында өрттен келтірілген залалды есепке алу және айқындау жөніндегі; орман қоры аумағында ағаштың заңсыз кесілуінің көлемдерін және ағаштың заңсыз кесілуінен келтірілген залалды есепке алу және айқындау жөніндегі әдістемелік нұсқауларды әзірлейді және бекітеді;

273) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру бойынша нормалар мен нормативтер әзірлейді және бекітеді;

274) көшеттік материалды және арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді өсіру үшін мемлекеттік орман қоры учаскелерін пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

275) ағаш кесу билеті мен орман билетінің нысандарын, оларды есепке алу, сақтау, толтыру және беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

276) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш кесілген жерлерді куәландыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

277) мемлекеттік орман қорында таңбалар қолдану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

278) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді орман пайдалану шарттарын мемлекеттік тіркеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

279) тез өсетін ағаш және бұта тұқымдыларды плантацияларға отырғызуға және оларды өсіруге, жеке орман питомниктерін құруға және дамытуға жұмсалатын шығыстарды өтеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

280) мемлекеттік орман иеленушінің орман өрт сөндіру станциясы туралы ережені әзірлейді және бекітеді;

281) Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман инспекциясы лауазымды адамдарының орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруы жөніндегі қағидаларды әзірлейді және бекітеді;

281-1) басқа санаттардағы жерді орман қоры жеріне ауыстыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

282) орман қоры жерін орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттардағы жерге ауыстыру тәртібін әзірлейді және бекітеді;

283) ормандарды молықтыру мен орман өсіру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

284) орман қоры аумағында өрттер келтіретін залалды есепке алу, анықтау және өтеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

285) мемлекеттік орман күзеті туралы ережені әзірлейді және бекітеді;

286) мемлекеттік орман қоры аумағында шайырды, ағаш шырындарын, қосалқы сүрек ресурстарын дайындау, орманды жанама пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

287) орман қорын күзету мен қорғау жөніндегі авиациялық жұмыстарды жүзеге асыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

288) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде сүректі түбірімен босату және ағаш кесу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

289) өзендер, көлдер, су қоймалары, каналдар және басқа су объектілері жағалауларындағы ормандардың тыйым салынған белдеулерінің енін белгілеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

290) Өсімдіктер дүниесінің объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын, оның ішінде сирек кездесетіндер және жойылып кету қаупі төнгендер санатына жатқызылған өсімдіктер түрлерін Қазақстан Республикасына әкелуге және одан тыс жерге әкетуге арналған рұқсаттар беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

291) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы нормалар мен нормативтерді әзірлейді және бекітеді;

291-1) орман қоры аумағында ағаштың заңсыз кесілуінің көлемдерін және ағаштың заңсыз кесілуінен келтірілген залалды есепке алу мен айқындау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

292) қорықшының төсбелгісінің және айырым белгілері бар арнайы киімінің нысанын әзірлейді және бекітеді;

293) айырым белгілері бар нысанды киімді (погонсыз) киюге құқығы бар, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органның ведомствосы және оның аумақтық бөлімшелері лауазымды адамдарының, сондай-ақ жануарлар дүниесін қорғауды тікелей жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар жұмыскерлерінің тізбесін әзірлейді және бекітеді;

294) аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілерінің қорықшылық қызметі туралы үлгі ережені әзірлейді және бекітеді;

295) жолдаманың үлгі нысанын, сондай-ақ оны беру тәртібін әзірлейді;

296) сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген санаттарға жатқызуды қоспағанда, «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының [3-бабы 1-тармағының 4\), 5\) және 6\)](#)

тармақшаларында көзделген санаттарға жатқызылған жануарлар түрлерінің тізбелерін айқындайды және оларды бір санаттан екіншісіне ауыстырады;

297) жануарларды интродукциялау, реинтродукциялау және будандастыру қағидаларын бекітеді және әзірлейді;

298) дериваттар тізбесін әзірлейді және бекітеді;

299) аңшылардың және аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарын, сондай-ақ балықшылар мен балық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерін аккредиттеу қағидаларын әзірлейді, оларды аккредиттеуді жүргізеді;

300) жануарлар дүниесі объектілерін алу лимиттерін әзірлейді және бекітеді;

301) жануарлар дүниесі объектілерін алу квоталарын бөлу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

302) халықаралық және республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының тізбесін әзірлейді және бекітеді;

302-1) балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) олардың учаскелерін кәсіпшілік балық аулауды, әуесқойлық (спорттық) балық аулауды, көлде тауарлы балық өсіру шаруашылығын, тор қоршамада балық өсіру шаруашылығын жүргізуге арналған су айдындарына және (немесе) учаскелеріне жатқызудың өлшемшарттарын айқындау әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

302-2) мемлекеттік монополия субъектісінің бекіре тұқымдас балық түрлері өнімін қайта өңдеуі кезіндегі шикізат қалдықтарының, ысыраптары мен шығыстарының нормаларын әзірлейді және бекітеді;

302-3) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыратын уәкілетті органның ведомствосының аумақтық бөлімшелерін, жергілікті атқарушы органдарды және мамандандырылған ұйымдарды материалдық-техникалық құралдармен жарақтандыру нормаларын әзірлейді және бекітеді;

303) су айдындарын халықаралық және республикалық маңызы бар сулы-батпақты алқаптарға жатқызу қағидаларын әзірлейді;

304) аң аулау, балық аулау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

305) аңшылық шаруашылығын жүргізу қағидаларын және балық шаруашылығын жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

306) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзумен келтірілген зиянды өтеу мөлшерлерін әзірлейді және бекітеді;

307) мемлекеттік монополия субъектісі болып табылатын мемлекеттік кәсіпорынның табиғи тіршілік ету ортасынан алынған бекіре тұқымдас балықтарды және олардың уылдырығын өткізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

308) жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттар беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

309) жануарлар дүниесін мемлекеттік күзету туралы ережені әзірлейді және бекітеді;

310) жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеулер мен тыйым салуларды белгілеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

311) жануарлар дүниесін мемлекеттік есепке алуды, оның кадастры мен мониторингін жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

312) зоологиялық коллекцияларды жасау және мемлекеттік есепке алу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

313) аңшылық және балық аулау объектілері болып табылатын жануарлардың бағалы түрлерінің тізбесін әзірлейді және бекітеді;

314) жануарларды еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда ұстау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

- 315) аңшылықта пайдаланылатын аң аулайтын жыртқыш құстарды есепке алуды және тіркеуді жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 316) ҚР Үкіметінің 2017.29.12. № 934 [Қаулысымен](#) алып тасталды (*бұр.ред.қара*);
- 317) ҚР Үкіметінің 2017.29.12. № 934 [Қаулысымен](#) алып тасталды (*бұр.ред.қара*);
- 318) жануарлар дүниесін пайдалануға биологиялық негіздеме дайындау тәртібін әзірлейді және бекітеді;
- 319) жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың актілері нысандарын, оларды толтыру және беру тәртібін әзірлейді және бекітеді;
- 320) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган ведомствосының және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарының, сондай-ақ жануарлар дүниесін қорғауды тікелей жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар жұмыскерлерінің айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) үлгілерін, оны киіп жүру тәртібін және онымен қамтамасыз ету нормаларын әзірлейді және бекітеді;
- 321) жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін және Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзудан келтірілген зиянның орнын толтыру мөлшерлерін айқындау, сондай-ақ шаруашылық қызметі нәтижесінде балық ресурстары мен басқа да су жануарларына келтірілетін және келтірілген зиянды, оның ішінде болмай қоймайтын зиянды өтеу мөлшерін есептеу әдістемелерін әзірлейді және бекітеді;
- 322) аңшы, балықшы және қорықшы куәліктерінің нысанын және оны беру тәртібін әзірлейді және бекітеді;
- 323) аңшылық, балық шаруашылықтарын жүргізуге арналған шарттардың үлгілік нысандарын әзірлейді және бекітеді;
- 324) қолдануға рұқсат етілген кәсіпшілік және кәсіпшілік емес балық аулау құралдарының түрлері мен тәсілдерінің тізбесін әзірлейді және бекітеді;
- 325) су тарту және ағызу құрылыстарының балықтарды қорғау құрылғыларына қойылатын талаптарды әзірлейді және бекітеді және оларды орнатуды келіседі;
- 326) уылдырық шашу кезеңінде балық аулау үшін тыйым салынған, сондай-ақ балық аулау үшін тыйым салынған су айдындары мен (немесе) учаскелерінде су көлігінің қозғалыс тәртібін әзірлейді және бекітеді;
- 327) ішкі және сыртқы нарықтардағы сауда үшін бекіре тұқымдас балық түрлерінің уылдырығын таңбалау тәртібін және сыртқы нарықта бекіре тұқымдас балық түрлерінің уылдырығымен сауда жасауға арналған таңба нысанын әзірлейді және бекітеді және ішкі нарықта онымен сауда жасау үшін таңба беруді жүзеге асырады;
- 328) аңшылық шаруашылықтары, өсімін молайту учаскелері мен тыныштық аймақтары, балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелері шекараларының аншлаптары үлгілерін, сондай-ақ аң аулау мен балық аулау үшін тыйым салынған мерзімдер мен орындарды, балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулауды есепке алу журналының (кәсіпшілік журналдың) нысанын әзірлейді және бекітеді;
- 329) Қазақстан Республикасының аумағында шаруашылықшілік аңшылықты ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды әзірлейді және бекітеді;
- 330) Қазақстан Республикасының аумағында жануарлар түрлерін есепке алуды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;
- 331) Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның [I](#) және [II қосымшаларына](#) түрлері енгізілген жануарларды жасанды өсіруді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды әкімшілік органда тіркеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 332) балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтама нысанын әзірлейді және бекітеді;
- 333) аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілерін дамыту жоспарының үлгілік нысанын әзірлейді және бекітеді;
- 334) аңшылық минимумды әзірлейді және бекітеді;

335) республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғат ескерткіштері аумақтарының шекарасын және оларды қорғау режимінің түрін бекітеді;

336) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөніндегі жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелердің жобаларын әзірлеу, сондай-ақ техникалық-экономикалық негіздемені түзету тәртібін әзірлейді және бекітеді;

337) «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы [43-1-бабының 1-тармағында](#) көзделген жағдайда, жергілікті халықтың мұқтаждары үшін рұқсат етілген әуесқой (спорттық) балық аулау қағидаларын бекітеді;

337-1) заңды тұлға мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың құрамына кіретін су объектілерінде әуесқойлық (спорттық) балық аулауды, мелиорациялық аулауды, ғылыми-зерттеу үшін аулауды, өсімін молайту мақсатында аулауды жүзеге асыру және рұқсат беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

338) республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың паспорттарын әзірлеу және тіркеу (қайта тіркеу) қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

339) табиғат қорғау ұйымын басқару жоспарын әзірлеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

340) жеке тұлғалардың ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда болу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

341) «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының [43-1-бабының 2-тармағында](#) көзделген жағдайда жүзеге асырылатын мелиорациялық аулауды жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

342) табиғат қорғау мекемелерінде ғылыми қызмет және ғылыми зерттеулер ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

343) ведомствоаралық ботаникалық және зоологиялық комиссиялардың құрамы мен ережелерін әзірлейді және бекітеді;

344) мемлекеттік орман қоры аумағында орман қорының мемлекеттік есебін, мемлекеттік орман кадастрын, ормандардың және орман орналастырудың мемлекеттік мониторингін жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді және олардың жүргізілуін қамтамасыз етеді;

345) Қазақстан Республикасының Үкіметіне республика немесе өңір экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар су шаруашылығы құрылыстарын уақытша мемлекеттік басқаруды енгізу тәртібін ұсынады;

346) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органмен, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша су объектілеріне жол берілетін шекті зиянды әсерлердің нормативтерін белгілейді;

347) бөгеттердің қауіпсіздігі саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестатталатын ұйымдарға қойылатын талаптарды әзірлейді;

348) су объектілері бетіндегі су сапасының нысаналы көрсеткіштерін әзірлеу және оларға қол жеткізу жөніндегі іс шаралар әдістемесін әзірлейді және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен бірлесе отырып бекітеді;

349) бассейндер мен облыстар (республикалық маңызы бар қалалар, астана) бөлінісінде су пайдалану лимиттерін әзірлейді және бекітеді;

350) Қазақстан Республикасының [салық заңнамасында](#) белгіленген жерүсті су көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеу әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

351) су объектілері мен ауыз сумен жабдықтау көздерін пайдалану режимін әзірлейді және бекітеді;

- 352) гидромелиоративтік жүйелер мен су шаруашылығы құрылыстарын паспорттандыруды жүргізу тәртібін, сондай-ақ паспорт нысанын белгілейді;
- 353) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органның жеке және заңды тұлғаларға беретін халықты орталықтандырылмаған ауыз сумен және шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін пайдаланылатын жерасты және жерүсті су объектілеріне қорытындысын тіркеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 354) судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындарды және басқа құрылыстарды келісу, орналастыру және пайдалануға беру тәртібін, сондай-ақ су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде құрылыс және басқа да жұмыстар жүргізу шарттарын әзірлейді және бекітеді;
- 355) республикалық маңызы бар сауықтыру мақсатындағы су объектілерінің тізбесін әзірлейді және бекітеді;
- 356) су объектілеріне шекті жол берілетін зиянды әсерлердің нормативтерін әзірлеу және бекіту қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 357) тікелей су объектілерінде орналасқан су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 358) республикалық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының тізбесін айқындау бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізеді;
- 358-1) бөгеттерді декларацияланатын бөгеттерге жатқызу өлшемдерін айқындайтын қағидаларды және бөгеттің қауіпсіздігі декларациясын әзірлеу қағидаларын бекітеді;
- 358-2) Қазақстан Республикасында суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйінің мониторингін және оны бағалауды және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің мелиорациялық жай-күйі туралы ақпараттық деректер банкінің мемлекеттік жүргізу қағидалары мен тәртібін әзірлейді және бекітеді;
- 359) Қазақстан Республикасында бал араларын тұқымдық аудандастыру жоспарын әзірлейді және бекітеді;
- 360) Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін жүргізу тәртібін бекітеді;
- 361) ҚР Үкіметінің 2015.31.12. № 1168 [Қаулысымен](#) алып тасталды (*бұр.ред.қара*)
- 362) Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын ауыл шаруашылығы өсімдіктері сорттарының тұқымдарын өндіру және өткізу көлемдеріне болжам жасайды;
- 363) патент қабілеттілігі мен шаруашылықта пайдалылығы мемлекеттік сынақтың немесе өтініш берушінің деректері бойынша бағаланатын өсімдіктердің тектері мен түрлерінің тізбесін әзірлейді және бекітеді;
- 364) сортты егістіктерді байқаудан өткізу тәртібін әзірлейді және бекітеді;
- 365) аттестатталған тұқым шаруашылығы субъектілері үшін субсидиялауға жататын бірегей тұқымдар өндіру мен элиталық тұқым өткізудің жыл сайынғы квоталарын белгілеу тәртібін әзірлейді және бекітеді;
- 366) ауыл шаруашылығы өсімдіктерін сорттық сынақтан өткізу әдістемесін әзірлейді және бекітеді;
- 367) ауыл шаруашылығы өсімдіктерін сорттық сынақтан өткізу мәселелері бойынша республикалық комиссия туралы ережені әзірлейді және бекітеді;
- 368) сорттық және тұқымдық бақылауды, жерге егіп бағалауды, зертханалық сорттық сынақтарды өткізуді, тұқым сапасына сараптама жасауды жүзеге асыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 369) ауыл шаруашылығы өсімдіктерін сорттық сынақтан өткізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 370) тұқымдардың, оның ішінде отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің егуіне арналған тұқымдардың сорттық және егістік сапасына сараптама жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 371) сорт сынау, тұқым шаруашылығы бойынша нормативтік құқықтық актілерді және тұқымға арналған құжаттама нысандарын әзірлейді және бекітеді;

- 372) бастапқы, элиталық және өнеркәсіптік (жаппай) тұқым шаруашылығын жүргізу схемалары мен әдістерін әзірлейді және бекітеді;
- 373) Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін және ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің перспективалы сорттарының тізбесін әзірлейді және бекітеді;
- 374) жергілікті атқарушы органдардан ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқым шаруашылығы саласындағы қажетті ақпаратты сұратады;
- 375) республика бойынша тұқым тенгерімін жасайды;
- 376) Қазақстан Республикасының тұқым шаруашылығы туралы заңнамасы талаптарының бұзылуын жою туралы нұсқаманың, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулының нысандарын әзірлейді және бекітеді;
- 377) сорттар оригинаторларын тіркеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 378) тұқымның сандық және сапалық сақталуын қамтамасыз ететін технологиялық талаптарды, өндіру схемаларын, сақтау және өткізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 379) сорт жаңартуды және сорт алмастыруды жүргізу тәртібі мен мерзімін белгілейді;
- 380) ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымын дайындауды, өңдеуді, сақтауды және пайдалануды ұйымдастыру тәртібін айқындайды;
- 381) ҚР Үкіметінің 2015.31.12. № 1168 [Қаулысымен](#) алып тасталды (*бұр.ред.қара*);
- 382) патент беру қорытындысы бар сорт сипаттамасының, сорттың патентке қабілеттілігі туралы қорытындының нысандарын белгілейді;
- 383) өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шартының және сақтандыру төлемдерін ішінара өтеу тәртібі мен талаптары туралы шарттың үлгілік нысанын әзірлейді және бекітеді;
- 384) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган мен азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның ұсынысы бойынша қолайсыз табиғат құбылыстарын айқындаудың критерийлері мен сипаттамаларын әзірлейді және бекітеді;
- 385) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшыраған егістік алқаптарының көлемін айқындау үшін комиссия құру және оның жұмысын ұйымдастыру тәртібін және зерттеп-қарау актісінің нысанын әзірлейді және бекітеді;
- 386) гидрометеорология қызметі органының және (немесе) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның қолайсыз табиғат құбылысы фактісін растайтын анықтамасының үлгілік нысанын әзірлейді және бекітеді;
- 387) жойылған егістік аландарын айқындау әдістемесін әзірлейді және бекітеді;
- 388) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиорациялық және жол құрылысы машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 389) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиорациялық және жол құрылысы машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды кепілге қоюды мемлекеттік тіркеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 390) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиорациялық және жол құрылысы машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 391) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиорациялық және жол

құрылысы машиналарын, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды басқару құқығына емтихандар қабылдау және куәліктер беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

392) өз құзыреті шегінде машиналар мен жабдықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында техникалық регламенттер әзірлейді;

393) мақта нарығына мониторинг жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

394) мақта саласын дамыту саласында техникалық регламенттер әзірлейді және бекітеді;

395) мақта қолхатының нысанын (үлгісін) және сипаттамасын әзірлейді және бекітеді;

396) шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу және шитті мақтаның сапасы туралы куәлікті беру тәртібін әзірлейді және бекітеді;

397) шитті мақтаның сапасы туралы куәліктің нысанын (үлгісін) әзірлейді және бекітеді;

398) мақта талшығының сапа паспортының нысанын (үлгісін) әзірлейді және бекітеді;

399) мақта саласының мемлекеттік инспекторы туралы ережені әзірлейді және бекітеді;

400) мақта қолхаттарын бере отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын сақтау мәселелері бойынша есепке алу құжаттарының, есептілік ұсыну мерзімдерінің тізбесі мен нысандарын әзірлейді және бекітеді;

401) сақтау және өңдеу шарттарының үлгілік нысандарын әзірлейді және бекітеді;

402) мақта талшығының сапасына сараптама жүргізу және мақта талшығының сапасы паспортын беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

403) мақта тұқымының мемлекеттік ресурстарын қалыптастыру, сақтау және пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

404) шитті мақтаны мақта талшығына бастапқы өңдеудің технологиялық процесін ұйымдастыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

404-1) мақта нарығына қатысушылардың қызметін үйлестіру мен реттеуді жүзеге асырады;

404-2) шитті мақта және (немесе) мақта талшығы сапасының жойылу немесе нашарлау фактісін анықтау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

405) биоотын өндірісі бойынша өндірістік қуаттардың шекті көлемдерін айқындайды;

406) биоотын өндірушілердің биоотын өндірісінің мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті есептердің нысандарын және оларды биоотын өндірісі саласындағы уәкілетті органға ұсыну тәртібін әзірлейді және бекітеді;

407) өз құзыреті шегінде биоотын өндірісін мемлекеттік реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

408) биоотын өндірісі паспортын бекіту үшін қажетті мәліметтер тізбесін әзірлейді және бекітеді;

409) биоотын өндірісі мен айналымы саласында техникалық регламенттерді бекітеді;

410) биоотын өндіру көлемі туралы ақпаратты автоматтандырылған түрде беруді қамтамасыз ететін есепке алуды бақылау аспаптарын қолдану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

411) азық-түлік қауіпсіздігі қатері болған жағдайда, биоотынға кейіннен өңдеу үшін пайдаланылатын тамақ шикізатына квота белгілеу тәртібін әзірлейді және бекітеді;

412) Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

413) асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспектор актілерінің нысандарын, оларды жасау және беру тәртібін әзірлейді және бекітеді;

414) ветеринариялық препараттар, жемшөп және жемшөп қоспалары және (немесе) құрамында антибиотиктер, гормондар және биологиялық стимуляторлар бар

ветеринариялық препараттар, жемшөп және жемшөп қоспалары серияларының (партияларының) сәйкестігін анықтау тәртібін, ветеринариялық нормативтер талаптарын белгілейді;

415) суларды және олардың пайдаланылуын мемлекеттік есепке алуды, мемлекеттік су кадастры мен су объектілерінің мемлекеттік мониторингін жүргізу тәртібін айқындайды;

416) су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібін айқындайды;

417) ҚР Үкіметінің 2015.31.12. № 1168 [Қаулысымен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

418) аумақты аймақтарға бөлу тәртібін айқындайды;

419) ветеринариялық препараттар, жемшөп және жемшөп қоспалары қауіпсіздігі мониторингінің тәртібін белгілейді;

420) өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралар белгіленетін және жүзеге асырылатын карантинді объектілер тізбесін айқындайды;

421) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын әзірлейді және бекітеді;

422) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін әзірлейді және бекітеді;

423) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыруды қамтамасыз етеді;

424) көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы қолжетімді нысанда хабардар болуын қамтамасыз етеді;

425) көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өтініштерін қарайды;

426) көрсетілетін қызметті алушылардың бұзылған құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қалпына келтіруге бағытталған шараларды қолданады;

427) мемлекеттік қызметтер көрсету, мүгедектермен қарым-қатынас жасау саласындағы жұмыскерлердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз етеді;

428) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтер сапасын бағалауды жүргізу үшін ақпараттың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде ұсынылуын қамтамасыз етеді;

429) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына ішкі бақылауды жүргізеді;

430) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасының қоғамдық мониторингі қорытындысын ескере отырып, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру жөнінде шаралар қолданады;

431) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарды аккредиттеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

432) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығы сомасын субсидиялау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

433) ҚР Үкіметінің 2015.31.12. № 1184 [Қаулысымен](#) алып тасталды (*2016 ж. 2 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді*) ([бұр.ред.қара](#))

434) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдар тізбесін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының (әкімдіктердің) интернет-ресурсына орналастырудың тәртібі мен мерзімдерін әзірлейді және бекітеді;

434-1) өз мүшелері үшін жұмыстарды (қызметтерді) орындау (көрсету) бойынша ауыл шаруашылығы кооперативтерінің қызметі түрлерінің тізбесін, сондай-ақ ауыл шаруашылығы кооперативі өз мүшелеріне өткізетін тауарлардың тізбесін әзірлейді және бекітеді;

434-2) ауыл шаруашылығы кооперативтерінің тексеру одақтарының ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ішкі аудитін жүргізуге арналған шығындарын субсидиялау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

434-3) ауыл шаруашылығы кооперативінің үлгілік жарғысын әзірлейді және бекітеді;

ҚР Үкіметінің 2016.18.05. № 295 Қаулысымен 434-4), 434-5), 434-6), 434-7), 434-8), 434-9), 434-10), 434-11), 434-12), 434-13), 434-14), 434-15), 434-16), 434-17), 434-18), 434-19), 434-20), 434-21), 434-22), 434-23) тармақшалармен толықтырылды

434-4) жерді резервке қою қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

434-5) елді мекен шегінде объектілер салу үшін жер учаскелерін беру кезінде өтініштің, келісуші органдар қорытындысының, жер учаскесін таңдау актісінің, жер-кадастрлық жоспардың нысандарын бекітеді;

434-6) жер учаскесіне меншік құқығына және жерді пайдалану құқығына берілетін сәйкестендіру құжаттарының нысандарын бекітеді;

434-7) жер заңнамасын қолдану практикасын және оны жетілдіруді қорытындылайды;

434-8) салалық көтермелеу жүйесін әзірлеп, бекітеді;

434-9) жерді пайдалану мен қорғау мәселелерін қозғайтын республикалық маңызы бар жобалар мен схемаларға сараптама жүргізеді;

434-10) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері паспортының нысанын бекітеді;

434-11) жер-кадастрлық құжаттаманың құрылымын, құрамын, мазмұнын және нысандарын белгілейді;

434-12) геодезия және картография саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру қағидаларын әзірлейді;

434-13) республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтың жерін бөлудің жерін орналастыру жобасын келіседі;

434-14) Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 24 баптын 1-тармағымен және 37 баптын 5-тармағымен көзделінген жағдайларда облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға және шетелдік заңды тұлғаларға ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін беру мәселелері жөніндегі ұсыныстарын келіседі;

434-15) Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі мүдделерін ескере отырып, геодезиялық және картографиялық жұмыстардың, аэроғарыштық түсірілім деректері мен материалдарын дайындау, есепке алу, сақтау, көбейту және пайдалану тәртібін регламенттейтін нұсқаулықтарды, нормалар мен қағидаларды бекітеді;

434-16) республикалық бюджет қаражаты есебінен орындалатын топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстар тізбесін бекітеді;

434-17) геодезия және картография саласындағы жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтық актілерді бекітеді;

434-18) Қазақстан Республикасы Ұлттық картографиялық- геодезиялық қорының құжаттарын қалыптастыру, жинақтау, сақтау және пайдалану қағидаларын бекітеді;

434-19) геодезиялық пункттерді қорғау, бұзу немесе қайта салу (орнын ауыстыру) туралы қағидаларды бекітеді;

434-20) Мемлекеттік жер кадастрын жүргізу және жерді мониторингтеу тәртібін бекітеді;

434-21) аумақтық сулар алып жатқан жер учаскелерін жасанды ғимараттар салу үшін беру қағидаларын бекітеді;

434-22) жеке тұрғын үй құрылысына арналған жер учаскелеріне құқықтарды беру қағидаларын бекітеді;

434-23) жерді мониторингтеуді жүргізу және оның деректерін пайдалану тәртібін бекітеді;

434-4) - 434-8) ҚР Үкіметінің 2017.03.08. № 466 [Қаулысымен](#) алып тасталды *(бұр.ред.қара)*

434-24) Қазақстан Республикасының Үкіметіне бір облыстың аумағындағы шалғайдағы жайылымдарды басқа облыстың ұзақ мерзімді пайдалануына беру туралы ұсыныс енгізеді;

434-25) органикалық өнім өндірушілердің тізілімін жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

434-26) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органмен және тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша органикалық өнім өндіру және оның айналымы қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

434-27) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органмен және тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша органикалық өнім өндіру кезінде қолданылатын рұқсат етілген құралдар тізімін әзірлейді және бекітеді;

434-28) табиғи-климаттық жағдайлар бойынша қолайсыз жылдары облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдарының өтініштері негізінде тұқым шаруашылығы саласындағы ұлттық стандарттарда және стандарттау жөніндегі өзге де нормативтік құжаттарда белгіленген тұқым сапасының көрсеткіштерін бір жылдан аспайтын мерзімге төмендетуді келіседі;

434-29) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша ауыл шаруашылығы жануарларының табиғи кему (өлу) нормаларын бекітеді;

434-30) жер комиссиясы туралы үлгі ережені әзірлейді және бекітеді;

434-31) шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдаланудың (жалға алудың) үлгі шартын әзірлейді және бекітеді;

434-32) шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді пайдалану мониторингін ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

434-33) шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

434-34) шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін - Қазақстан Республикасының азаматында, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасы мен оның үлестес тұлғаларында болуы мүмкін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшерлерін айқындау әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

434-35) Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулының нысанын әзірлейді және бекітеді;

434-36) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік мұқтажы үшін жер учаскелерін беру және алып қою мәселелері жөніндегі ұсыныстарын келіседі;

ҚР Үкіметінің 2018.26.10. № 689 Қаулысымен 434-37) тармақшамен толықтырылады (2021 ж. 2 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)

434-38) жер комиссиясының отырысы барысын тіркеуді қамтамасыз ететін аудио-, бейнежазба құралдарын техникалық қолдану, аудио-, бейнежазбаны сақтау қағидаларын, сондай-ақ аудио-, бейнежазбаға қол жеткізу тәртібін әзірлейді және бекітеді;

435) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;

291) жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөніндегі жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерді келіседі;

292) өсімдіктер дүниесінің объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын, оның ішінде сирек кездесетіндер және жойылып кету қаупі төнгендер санатына жатқызылған өсімдіктер түрлерін Қазақстан Республикасына әкелуге және одан тыс жерге әкетуге арналған рұқсаттар береді;

293) ҚР Үкіметінің 2017.29.12. № 934 [Қаулысымен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

294) «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының [43-1-бабының 2-тармағында](#) көзделген жағдайды қоспағанда, мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған жағдайда биологиялық негіздеме негізінде заңды тұлға мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың құрамына кіретін су объектілерінде әуесқойлық (спорттық) балық аулауды, мелиорациялық аулауды, ғылыми-зерттеу үшін аулауды, өсімін молайту мақсатында аулауды жүзеге асыруға рұқсат береді;

295) Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемаларын, аумақтарды дамытудың өңіраралық схемаларын, қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемаларын және экологиялық дәліздердің аумақтарын қозғайтын өзге де қала құрылысы құжаттамаларын келісуді жүзеге асырады;

296) өздерінің қарамағындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жай-күйі, оларды күзету, қорғау, пайдалану және қаржыландыру мәселелері бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың есептерін қарайды;

297) республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда ғылыми қызметті ұйымдастырады;

298) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің жай-күйін, күзетілуін, қорғалуын және пайдаланылуын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

299) «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының [23-бабы 2-тармағының](#) екінші бөлігінде белгіленген жағдайларда ғана республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерін босалқы жерге ауыстыру жөнінде өз құзыреті шегінде ұсыныстар енгізеді;

300) мемлекеттік орман қоры аумағында орман қорының мемлекеттік есебін, мемлекеттік орман кадастрын, ормандардың және орман орналастырудың мемлекеттік мониторингін жүргізуді қамтамасыз етеді;

301) балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтама береді;

302) биологиялық негіздеменің негізінде бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдынында және (немесе) учаскесінде пайдаланушылар арнайы пайдалану кезінде жүргізген балық шаруашылығы мелиорациясын, балық ресурстарының және басқа да су жануарларының кәсіпшілік қорының деректерін жыл сайын түзетуді келіседі;

303) облыстың жергілікті атқарушы органының аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру туралы шешімін келіседі;

304) «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы [17-бабының 1 және 2-тармақтарында](#) көрсетілген шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыратын субъектілер әзірлейтін техникалық-экономикалық негіздемені және жобалау-сметалық құжаттаманы келіседі;

305) балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде балық аулауға тыйым салынған кезеңде, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған жерлерде қозғалтқыштары қосылған су көлігінің барлық түрлерінің жүруін келіседі;

306) жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың жеке меншігіндегі немесе уақытша жер пайдалануындағы жер учаскелерінде толығымен орналасқан аңшылық алқаптар, сондай-ақ жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелерін олардың өтінімдері бойынша оларға конкурссыз бекітіп беру туралы облыстық жергілікті атқарушы органға ұсыныс енгізеді;

307) бекітіп беру бойынша конкурсқа қойылатын жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізбесін келіседі;

308) жалпы республика бойынша негізгі өзендер мен басқа да су объектілерінің бассейндері бойынша су ресурстарын кешенді пайдалану және қорғау схемасын әзірлейді;

309) мемлекеттік су кадастрындағы ақпаратқа мүдделі жеке және заңды тұлғалардың қол жеткізуін қамтамасыз етеді;

310) бассейндік схемалар негізінде өзендер бассейндері бойынша суды пайдалану лимиттерін және су объектілеріне рұқсат етілген шекті зиянды әсерлердің нормативтерін әзірлейді;

311) Комитеттің, Комитеттің аумақтық бөлімшелерінің бюджеттік өтінімдерін дайындауды, оны Министрлікке ұсынуды, сондай-ақ бюджеттік процестің өзге де рәсімдерін орындауды қамтамасыз етеді;

312) су қорын пайдалану және қорғау саласында мемлекеттік бақылауды өткізуді ұйымдастырады;

313) бассейндік қағидат негізінде гидрографиялық бассейнің су ресурстарын кешенді басқаруды жүзеге асырады;

314) оң экономикалық әсерге, қисынды, адал және экологиялық орнықты су пайдалануға қол жеткізу мақсатында су ресурстарын пайдалану бойынша су қатынастары субъектілерінің қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

315) су объектілерін қалпына келтіру және қорғау туралы бассейндік келісімдерді дайындауды және іске асыруды жүзеге асырады;

316) бассейндер бойынша су объектілерінің мемлекеттік есебін, мемлекеттік су кадастрын және мемлекеттік мониторингін жүргізуді жүзеге асырады;

317) заңнамада белгіленген тәртіппен арнайы су пайдалануға рұқсат беруді, қолданысын тоқтата тұруды және қайтарып алуды жүзеге асырады;

318) тиісті бассейннің су объектілерін оңтайлы пайдалану бойынша облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының жоспарларын келісуді жүзеге асырады;

319) судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындарды және басқа да құрылыстарды салу орындарын айқындау бойынша ұсыныстарды келісуді жүзеге асырады;

320) судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындарды және басқа да құрылыстарды салу мен реконструкциялау жобаларының жоба алдындағы құжаттамаларын; су объектілерінде, суды қорғау белдеулері мен аймақтарында құрылыс, түбін тереңдету, пайдалы қазбаларды, су өсімдіктерін өндіру бойынша жарылыс жұмыстарын, кәбілдерді, құбырларды және басқа да коммуникацияларды өткізу, орманды кесу, сондай-ақ бұрғылау, ауыл шаруашылығы және басқа да жұмыстарды өткізу туралы құжаттарды; су объектілерінің жай-күйін сақтау, жақсарту бойынша су пайдаланушылардың іс-шаралар жоспарларын келісуді жүзеге асырады;

321) судың жай-күйіне әсер ететін өндірістік, ауыл шаруашылығы және тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы нысандарды пайдалану жөніндегі мемлекеттік комиссиялардың жұмысына, сондай-ақ табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлардың орын алуы нәтижесінде туындаған салдарларды жою бойынша жұмыстарға қатысады;

322) суды пайдаланушылар бөліндісінде және тиісті бассейн бойынша суды пайдалану лимиттерін айқындайды;

323) арнайы су пайдалануға рұқсат беруге арналған өтініште көрсетілетін мәліметтерді айқындайды;

324) бекітіп беру бойынша конкурсқа қойылатын жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізбесін келіседі;

325) су объектілерін оқшау және бірлесіп пайдалануға беру бойынша конкурсты ұйымдастыру мен өткізуге қатысады;

326) ҚР Үкіметінің 2018.17.07. № 437 [Қаулысымен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

327) тиісті бассейннің суларын кешенді пайдалану және қорғау схемасын, су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану қағидаларын келіседі;

328) тиісті бассейн бойынша су шаруашылығы теңгерімдерін әзірлеуге қатысады;

329) су объектілерін оқшауланған және бірлескен пайдалануға беру туралы ұсыныстарды және ондағы суды пайдалану шарттарын келіседі;

330) су қорын ұтымды пайдалану және қорғау жөнінде өткізілген жұмыстар туралы, судың жай-күйі мен сапасын жақсарту бойынша қабылданған шаралар туралы халықты хабардар етеді;

331) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарымен және басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау және су бұру мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасайды;

332) су қорын ұтымды пайдалану және қорғау ісінде халықты ағарту және тәрбиелеу бойынша жұмыстарды жүргізеді;

333) арнайы суды пайдалану құқығын жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар суды алу немесе бұру құрылыстарында немесе қондырғыларында орнататын суды есептеу құралдарына пломба қояды және тіркейді;

334) салық органына бергенге дейін жерүсті көздерінен су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем бойынша салық есептерін растайды;

335) бассейндік кеңес жұмысын, бассейндік аумағында су қорын пайдалану және қорғау мәселелері бойынша бассейндік кеңес мүшелерімен консультациялар жүргізуді, бассейндік кеңес дайындаған ұсынымдарды талдауды, оларды іске асыру бойынша шараларды жүзеге асыруды, бассейндік кеңестің ұсынымдарын мүдделі мемлекеттік органдар мен суды пайдаланушыларға жеткізуді ұйымдастырады;

336) облысаралық, өңіраралық, мемлекетаралық су объектілері бойынша су алу және су бөлу жоспарларын әзірлейді және олардың сақталуын бақылайды;

337) су қорын пайдалану мен қорғауды, Қазақстан Республикасының су заңнамасын жеке және заңды тұлғалардың сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

338) бірлесіп пайдаланудағы су қоймаларының, салааралық, облысаралық және мемлекетаралық маңызы бар ірі су қоймаларының жұмыс режимін бақылауды жүзеге асырады;

339) оқшау немесе бірлесіп пайдалануға берілген су объектілерін пайдалану кезінде белгіленген су сервитуттарын жеке және заңды тұлғалардың сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

340) облысаралық, өңіраралық, мемлекетаралық су объектілері бойынша су алу және су бөлу жоспарларын әзірлейді және олардың сақталуын бақылайды;

341) су объектілерін өз еркімен пайдалануға, су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулерінің аумағында өз еркімен құрылыс жүргізуге жол берілмеуін бақылауды жүзеге асырады;

342) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен судың жай-күйіне әсер ететін, су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау және су тарту саласында белгіленген нормалар мен қағидаларды бұзумен жүзеге асырылатын су шаруашылығы және өзге де объектілерді қаржыландыруды, жобалауды және салуды тоқтату туралы талаптар қояды;

343) кінәлілерді Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапқа тарту үшін Қазақстан Республикасының су заңнамасын бұзу туралы материалдарды құқық қорғау органдарына және сотқа тапсырады;

344) Қазақстан Республикасының су заңнамасын бұзған жағдайда мемлекетке келтірілген залалды өтеу туралы талап-арыздарды сотқа ұсынады.

345) Өсімдіктер дүниесі объектілерінің, олардың бөліктері мен дериваттарын, оның ішінде сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген санаттарға жатқызылған өсімдіктер түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және одан тыс жерлерге әкетуге рұқсаттар береді;

346) Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының талаптарын сақтау тұрғысынан:

жануарларды өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінде, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарда;

ветеринариялық препараттарды өндіруді жүзеге асыратын адамдарда;

мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарда;

шекара және кеден пункттерінде (автомобиль өткізу пункттерін қоспағанда, Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде) Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдау (орнын ауыстыру) кезінде;

орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдау (орнын ауыстыру), тиеу, түсіру, экспорттау (импорттау) және транзиті кезінде;

экспорт (импорт) және транзит кезінде жануарлар ауруларының қоздырғыштарын тарататын факторлар болуы мүмкін көлік құралдарының барлық түрлерінде, ыдыстың, буып-түю материалдарының барлық түрлері бойынша;

экспорт (импорт) және транзит кезінде тасымалдау (орнын ауыстыру) бағдары өтетін мал айдау жолдарында, бағдарларда, мал жайылымдары мен суаттардың аумақтарында;

экспорт (импорт) және транзит кезінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді өсіретін, сақтайтын, өңдейтін, өткізетін немесе пайдаланатын, сондай-ақ құзыреті шегінде ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың аумақтарында, өндірістік үй-жайларында және қызметіне;

құзыреті шегінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау функцияларының жүзеге асырылуын қоса алғанда, ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдарда және оның бөлімшелерінде функциялардың орындалуын мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

346-1) автомобиль өткізу пункттерін қоспағанда, шекара және кеден пункттерінде (Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

347) барлық бақылау объектілеріне кедергісіз баруды және Қазақстан Республикасының астық нарығын реттеу саласындағы заңнамасын анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі орындау үшін міндетті нұсқамаларды беруді қоса алғанда, жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының астық нарығын реттеу саласындағы заңнамасын сақтауын және тексерілетін субъектілердің қызметін бақылауды жүзеге асырады;

348) барлық бақылау объектілеріне кедергісіз баруды және Қазақстан Республикасының тұқым шаруашылығы саласындағы заңнамасын анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі орындау үшін міндетті нұсқамаларды беруді қоса алғанда, жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының тұқым шаруашылығы саласындағы заңнамасын сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

349) барлық бақылау объектілеріне кедергісіз баруды, Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау саласындағы заңнамасын анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі орындау үшін міндетті нұсқамаларды беруді қоса алғанда, жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау саласындағы заңнамасын сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

350) балық шаруашылығы су айдындарының резервтік қорында және (немесе) учаскелерінде және аңшылық алқаптарда жануарлар дүниесінің өсімін молайту мен мемлекеттік есепке алуды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

351) рекреациялық балық аулау аймағын белгілейді;

352) ҚР Үкіметінің 2015.25.04. № 306 [Қаулысымен](#) алып тасталды (*бұр.ред.қара*)

353) балық шаруашылығы учаскелерінің шекараларын белгілеуді, ұйықтарды (ұйықтық учаскелерді) ашуды және жабуды жүзеге асырады;

354) орталық атқарушы органдардың қарамағындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқару жоспарларын келісуді жүзеге асырады;

355) ҚР Үкіметінің 2017.29.12. № 934 [Қаулысымен](#) алып тасталды (*бұр.ред.қара*)

356) жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің тізбесін келісуді жүзеге асырады;

357) ҚР Үкіметінің 2017.29.12. № 934 [Қаулысымен](#) алып тасталды (*бұр.ред.қара*)

358) ҚР Үкіметінің 2017.29.12. № 934 [Қаулысымен](#) алып тасталды (*бұр.ред.қара*)

359) Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы бейініндегі ғылыми-зерттеу ұйымдарымен бірлесе отырып, асыл тұқымды өнімді (материалды) бағалауға және генетикалық бақылауға арналған әдістемелер мен техникалық құралдарды әзірлеуді жүзеге асырады;

- 360) екі немесе одан көп облыс аумағында карантиндік режимді енгізе отырып, карантин аймағын белгілеу немесе оны жою туралы шешім қабылдайды;
- 361) халықаралық нормалар мен ұсынымдардың талаптарын ескере отырып, фитосанитариялық тәуекелді бағалаудың ғылыми қағидаттары негізінде ғылыми-зерттеу ұйымдарымен бірлесіп, карантиндік шаралар әзірлейді;
- 362) статистикалық әдіснаманы әзірлеу мен қалыптастыруға уәкілетті орган белгілеген тәртіппен қатысады;
- 363) ветеринариялық препараттар, жемшөп және жемшөп қоспалары қауіпсіздігінің мониторингі жоспарын бекітеді;
- 364) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен стандарттау бойынша техникалық регламенттер әзірлеу, нормативтік құжаттарды өзекті ету және біріздендіру туралы ұсыныстар дайындайды және енгізеді;
- 365) стандарттау жөніндегі техникалық комитеттер, сәйкестікті растау органдарын және сәйкестігі міндетті түрде расталуға тиіс өнімдер жөнінде зертханалар құру бойынша ұсыныстар дайындауды жүзеге асырады;
- 366) стандарттар мен өзге де құжаттар әзірлеу жөніндегі жоспарларды әзірлеу мен іске асыруды және оларды халықаралық нормалармен және талаптармен үндестіруді жүзеге асырады;
- 367) техникалық регламенттердің және олармен өзара байланысты стандарттардың ғылыми-техникалық деңгейін талдауды жүзеге асырады;
- 368) техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттар әзірлеу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды жүзеге асырады;
- 369) үкіметтік емес стандарттар әзірлеуге қатысуды жүзеге асырады;
- 370) үкіметтік емес стандарттар базасында ұлттық стандарттар әзірлеу бастамашылығын жүзеге асырады;
- 371) агроөнеркәсіптік кешен өнімінің тауар қозғалысы жүйесін ұйымдастырады;
- 372) мамандандырылған мемлекеттік мекемелердің суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйіне мониторинг және бағалау жүргізуін ұйымдастырады;
- 373) республикалық мемлекеттік кәсіпорын қызметінің нысаны мен мақсаттарын, сондай-ақ осындай қызметті жүзеге асыратын республикалық мемлекеттік кәсіпорынның түрін (шаруашылық жүргізу құқығындағы немесе қазыналық кәсіпорын) айқындау бойынша мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға ұсыныстар енгізеді;
- 374) «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерді қарайды, келіседі және бекітеді;
- 375) ұзақ мерзімді орман пайдалану кезінде орман пайдаланушылар әзірлейтін өртке қарсы іс-шаралар жоспарларына қойылатын [талаптарды](#) айқындайды;
- 376) ағаштардың қурау және құрып кету қатері төнген кезде мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш кесуге [тыйым салу](#) туралы шешім қабылдайды;
- 377) республикалық және жергілікті маңызы бар табиғи қаумалдар мен республикалық маңызы бар мемлекеттік қорықтық аймақтарды тарату және олардың аумағын азайту тәртібін әзірлейді;
- 378) жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға [шектеулер мен тыйым салуларды](#) енгізу, жануарлар дүниесі объектілерін пайдаланудың және (немесе) пайдалануға тыйым салудың белгіленген мерзімдерін ауыстыру туралы шешім қабылдайды, тиісті ғылыми ұйымдар берген, мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткізілуге тиіс биологиялық негіздемеге орай оларды пайдалану [орындары мен мерзімдерін](#) белгілейді;
- 379) орман ресурстары сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар; аңшылық шаруашылығының мұқтаждықтары; жанама орман пайдалану үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген өз қарауындағы мемлекеттік

орман қоры жерлерінде орман пайдаланушыларға құрылыс объектілерін салуға учаскелер береді және эскиздерді (эскиздік жобаларды) келіседі;

380) Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзудан келтірілген залалдың мөлшерін есептеуге арналған базалық мөлшерлемелер әзірлейді;

381) ҚР Үкіметінің 2017.29.12. № 934 [Қаулысымен](#) алып тасталды (*бұр.ред.қара*)

382) барлық бақылау және қадағалау объектілеріне кедергісіз баруды, Қазақстан Республикасының өсімдік карантині саласындағы заңнамасын анықталған бұзушылықтарды жою бойынша орындалуы міндетті нұсқамалар беруді қоса алғанда, жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының өсімдік карантині саласындағы заңнамасын сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

383) екі немесе одан көп облыс аумағындағы карантиндік аймақтарда өсімдіктер карантиннің жүргізілуін бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

384) ҚР Үкіметінің 2015.31.12. № 1168 [Қаулысымен](#) алып тасталды (*бұр.ред.қара*)

385) барлық бақылау объектілеріне кедергісіз баруды және Қазақстан Республикасының астық нарығын реттеу саласындағы заңнамасын анықталған бұзушылықтарды жою бойынша орындалуы үшін міндетті нұсқамаларды беруді қоса алғанда, жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының астық нарығын реттеу саласындағы заңнамасын сақтауын және тексерілетін субъектілердің қызметін бақылауды жүзеге асырады;

386) барлық бақылау объектілеріне кедергісіз баруды, Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау саласындағы заңнамасының анықталған бұзушылықтарын жою бойынша орындалуы міндетті нұсқамалар беруді қоса алғанда, жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау саласындағы заңнамасын сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

387) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ветеринария, өсімдіктерді қорғау мен олардың карантині жөніндегі мемлекеттік іс-шараларды ұйымдастырады;

388) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды, фитосанитариялық бақылауды жүзеге асырады;

389) ҚР Үкіметінің 2017.03.08. № 466 [Қаулысымен](#) алып тасталды (*бұр.ред.қара*)

390) ҚР Үкіметінің 2017.03.08. № 466 [Қаулысымен](#) алып тасталды (*бұр.ред.қара*)

391) барлық бақылау және қадағалау объектілеріне кедергісіз баруды, Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы мемлекеттік техникалық инспекция саласындағы заңнамасын анықталған бұзушылықтарды жою бойынша орындалуы міндетті нұсқамалар беруді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы мемлекеттік техникалық инспекция саласындағы заңнамасын жергілікті атқарушы органдардың сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

392) агрохимикаттарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады;

392-1) өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырудың тәртібін, тәсілдерін регламенттейтін әдістерді, әдістемелерді, ұсынымдарды әзірлейді және бекітеді;

392-2) фитосанитариялық іс-шараларды жүзеге асыру жөніндегі ұсынымдар мен әдістемелік нұсқауларды әзірлейді және бекітеді;

392-3) фитосанитариялық іс-шараларды жүзеге асырудың тәртібін, тәсілдерін регламенттейтін әдістерді, әдістемелерді, ұсынымдарды әзірлейді және бекітеді, өсімдіктерді қорғау саласында қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізуді ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды, сондай-ақ өсімдіктерді қорғау жөніндегі мамандарды даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі оқыту бағдарламаларын (оқу бағдарламаларын) келіседі;

392-4) тамақ қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік мониторинг жоспарын әзірлейді және бекітеді;

392-5) жануарлардың аса қауіпті ауруларының профилактикасы, диагностикасы және оларды жою жөніндегі ветеринариялық іс-шараларды әзірлейді және бекітеді;

393) мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығына мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі туралы ақпаратты ұсынады;

394) орман қорының жай-күйіне, күзетілуіне, қорғалуына, пайдаланылуына, ормандардың молықтырылуы мен орманның өсірілуіне тексерулер арқылы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

395) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану құқығын, сондай-ақ өзінің қарауындағы ормандардың жай-күйіне және молықтырылуына қауіп төндіретін жұмыстарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тоқтата тұрады, шектейді, тоқтатады;

396) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілдік және атқарушы органдары өкілдерінің қатысуымен өз қарауындағы мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман ресурстарын ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру жөнінде тендерлер ұйымдастырады және өткізеді;

397) құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының орман заңнамасы, Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану және ерекше күзетілетін табиғи аумақтар, жер заңнамасын, сондай-ақ геодезия және картография саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды;

398) халықаралық шарттарды іске асыруды қоса алғанда, орман қатынастары, жануарлар дүниесін күзету, өсімін молайту және пайдалану, ерекше күзетілетін табиғи аумақтар, су ресурстарын басқару саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

399) екі және одан да көп облыс аумағында орналасқан халықаралық және республикалық маңызы бар су айдындарының балық шаруашылығы учаскелерін бекітіп беру бойынша конкурс өткізеді;

400) жануарлар дүниесін күзету, өсімін молайту және пайдалану саласында жергілікті атқарушы органдарға мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

401) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың орман шаруашылығымен және ерекше күзетілетін табиғи аумақтармен айналысатын жергілікті атқарушы органдарына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

402) бөгеттер иелерінің бөгеттердің қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілермен белгілеген талаптарды сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

403) су қорғау аймақтарының, белдеулерінің және оларды шаруашылықта пайдалану режимдерінің жобалау құжаттамасының келіседі;

404) ауыз су сапасындағы жер асты суларын ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтауға байланысты емес мақсаттар үшін пайдалануға рұқсат беруді келіседі;

405) су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарында көпшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлердің белгіленуін келіседі;

406) су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын әуесқой және спорттық балық аулау үшін пайдалануды келіседі;

407) бөгеттің қауіпсіздігі декларациясын тіркейді;

408) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен, салалық жұмыс берушілер бірлестіктерімен және салалық жұмыскерлер бірлестіктерімен бірлесіп, кәсіби стандарттар әзірлеуге қатысады;

409) ағаш ағызу үшін пайдаланылатын су объектілерінің тізбесін және оларды тазарту тәртібін келіседі;

410) ұйымдарды бөгеттердің қауіпсіздігі саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестаттаудан өткізеді;

411) бөгеттерді декларацияланатын бөгеттерге жатқызу критерийлерін айқындайтын қағидаларды және бөгеттің қауіпсіздігі декларациясын әзірлеу қағидаларын әзірлейді;

- 411-1) орталық және жергілікті атқарушы органдармен жер қатынастарын реттеу мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасасады;
- 411-2) оның құзыретіне кіретін жер беру және алып қою, жерді бір санаттан екіншісіне ауыстыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын дайындайды;
- 411-3) жерге мониторинг жүргізуді ұйымдастырады;
- 411-4) мемлекеттік жер кадастрын жүргізуді және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жер баланстары деректері негізінде Қазақстан Республикасының жер балансын жүргізуді ұйымдастырады;
- 411-5) геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілерінің қызметін үйлестіреді;
- 411-6) Қазақстан Республикасының қауіпсіздік мүдделерін ескере отырып, геодезиялық және картографиялық жұмыстардың, аэроғарыштық түсірулер деректері мен материалдарын дайындау, есепке алу, сақтау, көбейту және пайдалану тәртібін регламенттейтін нұсқаулықтардың, нормалар мен қағидалардың жобаларын әзірлейді;
- 411-7) геодезиялық пункттерді бұзуға немесе қайта салуға (көшіруге) рұқсаттар береді;
- 411-8) әкімшілік-аумақтық бірліктер арасындағы шекараның өзгерістерін, сондай-ақ жергілікті жердің өзгерістерін және географиялық объектілердің атауларын көрсете отырып, кезекші анықтамалық карта жүргізеді;
- 411-9) мемлекеттік, арнайы және (немесе) салалық мақсаттағы геодезиялық және картографиялық жұмыстарды орындауды ұйымдастырады;
- 411-10) Ұлттық картографиялық-геодезиялық қор қалыптастырады және жүргізеді;
- 411-11) геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілеріне жоспарланып отырған жұмыс учаскелеріндегі жергілікті жердің геодезиялық және картографиялық тұрғыдан зерделенгендігі туралы мәліметтер береді;
- 411-12) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес геодезиялық өлшеу құралдарының бірлігі мен дәлдігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асырады;
- 411-13) мемлекеттік жер кадастрын жүргізу мен жер мониторингтеудің дұрыстығын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;
- 411-14) пайдаланылмайтын не Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылатын жерлерді анықтау және мемлекеттік меншікке қайтару мәселелері жөніндегі облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарымен өзара іс-қимыл жасайды;
- 411-15) құзыреті шегінде анықталған жер заңнамасын, сондай-ақ геодезия және картография саласындағы заңнаманы бұзушылықтарды жою бойынша орындалуы міндетті нұсқамалар береді;
- 411-16) Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 148-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген мәселелер бойынша сотқа талап-арыз дайындайды және ұсынады;
- 411-17) геодезиялық және картографиялық қызметті мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;
- 411-18) жердің пайдаланылуы мен қорғалуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;
- 411-19) құзыреті шегінде анықталған геодезиялық және картографиялық жұмыстарды ұйымдастыру мен орындау тәртібін бұзушылықтарды жою, сондай-ақ көрсетілген жұмыстарды немесе аэроғарыштық түсірілімдерді жүргізу нәтижесінде алынған геодезиялық және картографиялық материалдар мен деректерді шоғырландыру, есепке алу, сақтау, пайдалану және іске асыру жөніндегі талапты енгізеді;
- 411-20) құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының геодезия және картография саласындағы заңнамасының бұзылу фактілері анықталған кезде геодезиялық және картографиялық жұмыстарды тоқтата тұрады;

411-21) геодезиялық пункттерді есепке алуды жүргізеді және олардың сақталуын қамтамасыз етуді бақылайды;

411-22) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік жер кадастрындағы жерді пайдаланушылар мен жер учаскелері бойынша салық қызметі органдарына мәліметтер береді;

411-23) геодезиялық және картографиялық қызметтің басталуы туралы хабарлама берген субъектілер тізілімін жүргізеді;

411-24) жер учаскелері мәжбүрлеп алып қойылған тұлғалардың тізілімін қалыптастырады және рұқсаттар жүргізеді;

411-25) аэротүсірілім жұмыстарын жүргізуге рұқсаттарды тіркейді, есепке алады және береді;

411-26) метрологиялық бақылау мен геодезиялық және картографиялық жабдықтарға, аспаптар мен құрал-жабдықтарға бақылау жүргізеді;

411-27) суармалы егістікті суарылмайтын алқап түрлеріне ауыстыру жөніндегі материалдарды келіседі;

411-28) Қазақстан Республикасы Ұлттық картографиялық- геодезиялық қорының материалдары мен деректерін қайтару мерзімін белгілейді;

411-29) Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен өзара келісілген жұмыс жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасының қорғанысы мен ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесіндегі геодезиялық және картографиялық қызметті жүзеге асырады;

411-30) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасының және жергілікті жерлерде әкімшілік-аумақтық бірліктер шекараларының дұрыс көрсетілуін және олардың картографиялық материалдарда көрсетілуін бақылайды;

411-31) су объектілерінде және (немесе) су қорғау аймақтарында (су қорғау белдеулерін қоспағанда) жаңа объектілерді (ғимараттарды, құрылыстарды, олардың кешендерін және коммуникацияларды) жобалауды, салуды және орналастыруды, сондай-ақ олар алып жатқан жер учаскелері су қорғау аймақтарына және белдеулерге немесе өзге де ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жатқызылғанға дейін тұрғызылған қолданыстағы объектілерді реконструкциялауды (кеңейтуді, жаңғыртуды, техникалық қайта жарақтандыруды, қайта бейіндеуді) келіседі;

411-32) жер ресурстарын, орман және өзге де өсімдіктер әлемі ресурстарын, жануарлар дүниесі ресурстарын пайдалану кезінде қойылатын экологиялық талаптарды келіседі;

411-33) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жер қатынастарын реттеу саласындағы уәкілетті органдарының жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша қабылдаған шешімдерінің заңдылығын бақылауды жүзеге асырады;

411-34) республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар жүргізетін топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстардың бағаларын бекітеді;

411-35) жерге орналастыру, мемлекеттік жер кадастры және жер мониторингі жөніндегі нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік құжаттарды, әдістемелерді әзірлейді және бекітеді;

411-36) жайылымдардың, оның ішінде аридтік жайылымдардың тозуына және шөлейттенуіне қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды жүргізу әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

411-37) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының Қазақстан Республикасының жер заңнамасы саласында қабылдаған шешімдерінің заңдылығына мемлекеттік бақылауды ұйымдастырады және жүргізеді;

412) бөгеттердің қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді;

412-1) су объектілеріндегі су сапасын жіктеудің бірыңғай жүйесін әзірлейді және бекітеді;

412-2) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша жерүсті су объектілері үшін су сапасының стандарттарын әзірлейді және бекітеді;

412-3) тіркеу шифрларын беру үшін бөгеттердің қауіпсіздігі декларациясын тіркейді;

413) су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекетаралық ынтымақтастықтың басым бағыттарын әзірлеуге қатысады.

18. Құқықтары мен міндеттері:

1) өз құзыреті шегінде орындалуы үшін міндетті нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды;

2) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпаратты және материалдарды заңнамада белгіленген тәртіппен сұратады және алады;

3) қолданыстағы заңнамалық актілерде көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің қызметін ұйымдастыру

19. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне басшылықты Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі жүзеге асырады.

ҚР Үкіметінің 2017.08.06. № 350 Қаулысымен 20-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

20. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрін Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісімен консультациялардан кейін Премьер-Министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және Қазақстан Республикасының Президенті қызметтен босатады.

21. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметінен босатылатын орынбасарлары болады.

22. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің өкілеттіктері:

1) реттелетін салада мемлекеттік саясатты қалыптастыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді;

2) өз орынбасарларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

3) ведомстволардың құзыретін және өзге де мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл тәртібін айқындайды;

4) ведомстволар актілерінің әрекет етуін толық немесе ішінара жояды немесе тоқтата тұрады;

5) Министрдің бұйрықтарына қол қояды;

6) Қазақстан Республикасының Парламентінде, мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің атынан өкілдік етеді;

7) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне келісуге келіп түскен нормативтік құқықтық актілердің жобаларын келіседі және бұрыштама қояды;

8) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінде жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауға бағытталған шаралар қабылдайды және жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдау үшін дербес жауапты болады;

9) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

23. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

24. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын жауапты хатшы басқарады.

4. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің мүлкі

25. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

26. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

27. Егер заңда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігін қайта ұйымдастыру және тарату

28. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

ҚР Үкіметінің 2014.22.09. № 1002 [Қаулысымен \(бұр.ред.қара\)](#); 2015.14.04. № 226 [Қаулысымен \(бұр.ред.қара\)](#); ҚР Үкіметінің 2015.25.04. № 306 [Қаулысымен \(бұр.ред.қара\)](#); 2015.22.08. № 659 [Қаулысымен \(бұр.ред.қара\)](#); 2016.18.05. № 295 [Қаулысымен \(бұр.ред.қара\)](#); 2016.25.10. № 616 [Қаулысымен \(бұр.ред.қара\)](#); 2017.14.02. № 65 [Қаулысымен \(бұр.ред.қара\)](#); 2017.03.04. № 160 [Қаулысымен \(бұр.ред.қара\)](#); 2018.04.04. № 161 [Қаулысымен \(бұр.ред.қара\)](#); 2018.11.05. № 258 [Қаулысымен \(бұр.ред.қара\)](#) тізбе өзгертілді

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің және оның ведомстволарының қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

1. Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің «Фитосанитария» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Республикалық ветеринариялық зертхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Ветеринариядағы ұлттық референттік орталық» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

4. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Қазақ ормандарды авиациялық қорғау және орман шаруашылығына қызмет көрсету базасы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

5. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Қазақ орман орналастыру кәсіпорны» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

6. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Охотзоопром» ӨБ» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

7. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Республикалық орман селекциялық тұқым өсіру орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

8. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Атырау бекіре балық өсіру зауыты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

9. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Майбалық балық питомнигі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

10. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Петропавл балық питомнигі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

11. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Қамыстыбас балық питомнигі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

12. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Қапшағай уылдырық шашу-өсіру шаруашылығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

13. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Жайық-Атырау бекіре балық өсіру зауыты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

14. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Қазақ өндірістік-жерсіндіру станциясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

15. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Жасыл аймақ» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

16. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Қазақ мемлекеттік орман шаруашылығын жобалау жөніндегі жобалау-іздірету институты (Қазгипроорманшар)» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

17. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

18. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің «Нұра топтық су құбыры» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

19. ҚР Үкіметінің 2015.22.08. № 659 [Қаулысымен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

20. ҚР Үкіметінің 2015.22.08. № 659 [Қаулысымен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

21. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің «Ауыл шаруашылығы аэрофотогеодезиялық іздестіру мемлекеттік институты (АШАИМИ)» республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

22. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің «Қазгеодезия» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

23. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің «Ұлттық картографиялық-геодезиялық қоры» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

24. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Есік мемлекеттік дендрологиялық саябағы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

2. Акционерлік қоғамдар

1. «Қазагрэкс» акционерлік қоғамы.

2. ҚР Үкіметінің 2015.25.04. № 306 [Қаулысымен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

3. «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы.

4. ҚР Үкіметінің 2015.22.08. № 659 [Қаулысымен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

5. ҚР Үкіметінің 2015.22.08. № 659 [Қаулысымен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

6. «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы»

7. ҚР Үкіметінің 2017.03.04. № 160 [Қаулысымен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

3. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер

1. ҚР Үкіметінің 2017.14.02. № 65 [Қаулысымен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

ҚР Үкіметінің 2014.22.09. № 1002 [Қаулысымен](#) ([бұр.ред.қара](#)); 2015.25.04. № 306 [Қаулысымен](#) ([бұр.ред.қара](#)); 2018.11.07. № 420 [Қаулысымен](#) ([бұр.ред.қара](#)) тізбе өзгертілді

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің және оның ведомстволарының қарамағындағы аумақтық органдардың тізбесі

1. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Ақмола облыстық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

2. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Ақкөл аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

3. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Аршалы аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

4. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Астрахан аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

5. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Атбасар аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

6. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Бұланды аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

7. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Егіндікөл аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

8. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Ерейментау аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

9. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Есіл аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

10. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Жақсы аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

11. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Жарқайың аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

12. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қорғалжын аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

13. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Сандықтау аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

14. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Целиноград аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

15. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Шортанды аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

16. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Еңбекшілдер аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

17. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Зеренді аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

18. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Бурабай аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

19. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Көкшетау қалалық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

20. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Степногорск қалалық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

21. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Ақтөбе облыстық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

22. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Әйтеке би аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі.

